



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ОРТАЛЫҚ
АЗИЯ – ЖАПОНИЯ
СЕРІКТЕСТІГІ ЖАҢА
ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

2-бет



АҢЫЗ АКТЕРДІҢ
ЕКІНШІ ҒҰМЫРЫ
БАСТАЛДЫ

14-бет



ҚАҺАРМАН

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№52 (11810) 29.12.2025



ЖЫЛ АДАМДАРЫ – 2025

«Қазақ үні» ақпарат агенттігінің әлеуметтік желідегі парақшалары, телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарларымен, яғни, Сіздердің ұсыныстарыңыз арқылы Сарапшылар алқасы анықтау жұмыстарын жүргізеді. Сарапшылар алқасының құрамына белгілі зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері кіреді. «Қазақ үні» ұйымдастыратын дәстүрлі «Жыл адамы» таңдаулысы – бұл халықтың бағасы!

8-9
бет

Қазыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты:

МҰНАЙДЫҢ ТРИЛЛИОНДАРЫ ҚАШАН ҚАЙТАДЫ?!



2023 ЖЫЛЫ КӨКТЕМДЕ ҚАЗАҚСТАН БИЛІГІ ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРДЫ ТЕНДЕР ТӘРТІБІН БҰЗДЫ, МЕРДІГЕР МІНДЕТТЕМЕСІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАМАДЫ ДЕП АЙЫПТАП, СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ ҚАШАҒАН БОЙЫНША 13 МЛРД, ҚАРАШЫҒАНАҚ БОЙЫНША 3,5 МЛРД, ДОЛЛАР ШЫҒЫНДЫ ҰСТАП ҚАЛҒАНЫНА НАРАЗЫЛЫҚ ЖАСАП, ҚАЙТАРУДЫ ТАЛАП ЕТТІ.

2023 ЖЫЛЫ НАУРЫЗ АЙЫНДА ҚАШАҒАН ЖОБАСЫНАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР БҰЗЫЛДЫ ДЕП NORTH CASPIAN OPERATING COMPANY N.V. 2,3 ТРЛН. ТЕҢГЕ – \$5,1 МЛРД. ДОЛЛАР (СОЛ КЕЗДЕГІ КУРС БОЙЫНША) КӨЛЕМІНДЕ АЙЫППҰЛ ТАЛАП ЕТТІ.

АЛАЙДА, ЕКІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН СОТ ДАУЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ МЕМЛЕКЕТ ЖЕҢІЛІП, БҰЛ АЙЫППҰЛДАР ӘЛІ ӨНДІРІЛМЕЙ ОТЫР.

2023 ЖЫЛ МЕН 2025 ЖЫЛҒЫ ДОЛЛАР КУРСЫ БОЙЫНША ТЕҢГЕНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ САЛДАРЫНАН АЙЫППҰЛ 1 МЛРД. ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ АЗАЙДЫ. СОНДА БІЗ ІСТІ ЕКІ ЖЫЛ СОЗЫП ЖҮРІП, БАСҚАЛАРЫН АЙТПАҒАНДА, ТЕК 5,1 МЛРД. ДОЛЛАРДАН ТАҒЫ 1 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ ЖОҒАЛТТЫҚ.

3
бет

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

Қазір біздің қоғамда жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – жаңа мемлекет шаңырағын көтеругізге байланысты халқымыздың мәңгілік тәуелсіздігіне ықпал ететін қоғамдық сана қалыптастыру. Бұл жәйтті көтеріп жүрген азаматтар көбіне қоғам өміріндегі келеңсіз көріністерге наразылық білдіруден, сынаудан аса алмай келеді. Өкініштісі, философия мамандары мен ғалымдар да жаңа қоғамдық сана қалыптастыру мәселесіне бұрынғы кеңес дәуірінен қалған ұғыммен қарап, айтарлықтай жаңалық енгізе алмай жүр.

10
бет



ӨМІРДЕН ЖЕҢІЛМЕЙ ӨТКЕН ЕР ЕДІ...

Қазақ күресінің қайраткері, Оңтүстіктің айбатты ері, Мырзашөлдің мырзасы Бақыт Жаңбырбайұлы дүниеден өтіпті. Алла алдынан жарылқасын!

15
бет

ИТОГИ 2025 ГОДА: МУДРОСТЬ ЗМЕИ ОБЕРЕГАЕТ КАЗАХСТАН

Как известно, 2025 год прошёл, согласно Восточному календарю, под знаком Зелёной Деревянной Змеи, что обещало время мудрости, интуиции, глубоких трансформаций и осознанности, благоприятное для обучения, запуска долгосрочных проектов и пересмотра целей, призывая к терпению, гибкости и стратегическому планированию.



11
бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ЖАПОНИЯ СЕРІКТЕСТІГІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Токиода өткен «Орталық Азия – Жапония» диалогының бірінші саммитіне қатысты. Президент тарихи кездесуді ұйымдастырғаны үшін Жапония Премьер-министрі Санаэ Такаичиге алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл форумның Қазақстан мен тұтас Орталық Азия үшін маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, 2004 жылы Астанада өткен алғашқы министрлер жиынынан бастау алған диалог аймақ елдерінің халықаралық рөлінің күшейгенін көрсетеді.

Президент қазақ халқы жапон мәдениеті мен философиясын жоғары бағалайтынын айтып, екі елді ортақ құндылықтар мен тарихи байланыстар жақындастыратынын жеткізді. Сондай-ақ Жапонияның ғылыми-технологиялық дамудағы көшбасшылығына назар аударды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Жапониямен бірлескен жобаларды іске асыруға және қолайлы инвестициялық орта қалыптастыруға дайын екенін мәлімдеді.

Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев 17 желтоқсанда Жапонияға

ресми сапармен барып, Император Нарухитоның атынан өткен қабылдауға қатысты. Сондай-ақ Жапонияда білім алып, еңбек етіп жүрген қазақстандықтармен кездесті және Орталық Азия елдері басшыларына арналған ресми қабылдауға барды.



СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛДЫ

БАҚ өкілдеріне арналған брифингте Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарын баяндады.

— Ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және тұрмыста суды тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды. Егістік сумен жабдықтау саласында негізгі басымдық — заманауи, су үнемдейтін суару әдістеріне көшу. Осы бағыттағы мемлекеттік қолдау шаралары тұрақты нәтиже беріп отыр. Егер 2023 жылға дейін су үнемдеу технологиялары енгізілген егіс алқаптары жыл сайын орта есеппен 30 мың гектар болса, соңғы екі жылда бұл көрсеткіш 150 мың гектарға жетті. Қазіргі таңда су үнемдеу технологиялары қолданылатын суармалы жерлер 543,5 мың гектарды құрайды, — деді министр.

Ол 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 1,3 млн гектарға жеткізу жоспарланғанын атап өтті. Жоспарларды іске асыру үшін 2026–2028 жылдарға республикалық бюджетте 228 млрд. теңге қарастырылған, бұл алдыңғы үш жылмен салыстырғанда төрт есе көп.

— Өнеркәсіптік су пайдалануды дамыту да жалғасып жатыр. Жаңа Су кодексінен кәсіпорындардан суды қайта пайдалану және айналымдық жүйелерге кезең-кезеңімен көшу талаптары бекітілген. Бұл 7 жыл ішінде 2030 жылға қарай суды қайта және айналымды пайдалану үлесін 13%-дан 28%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Заң талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілік шаралары да қарастырылған, оның ішінде су пайдалану лимитін 20%-ға қысқарту да бар, — деді министр.

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫ РЕКОРДТЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ

2025 жылдың он айында Қазақстанның азаматтық авиация саласы тұрақты өсім көрсетті. Азаматтық авиация комитетінің мәліметінше, әуе көлігімен 26,6 млн жолаушы тасымалданды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 8%-ға артық. Отандық компаниялар 13,1 млн жолаушыға қызмет көрсетті, ал өңделген жүк көлемі 140 мың тоннаны құрады.

Ішкі әуе қатынасы 60 бағытты қамтып, аптасына 821 рейс орындалды, ал халықаралық маршруттық желі 30 елге бағытталған 131 бағытқа жетті, аптасына 616 рейс жүзеге асырылды.

Қыркүйек айында Қазақстанда ИКАО аудиті жүргізіліп, сәйкестік деңгейі 95,7%-ды құрады. Бұл әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары, ел ИКАО-ның Еуразиялық өңіріндегі

көшбасшылар қатарына кірді.

Әуе паркі жаңартылуда: отандық компаниялар 12 жаңа ұшаққа ие болды, сонымен қатар Air Astana мен Boeing арасында қосымша 15 Boeing 787–9 Dreamliner жеткізу туралы келісім жасалды, бұл АҚШ-қа тікелей рейстер ашуға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымдық жобалар аясында Ақтау мен Астана әуежайларының ұшу-қону жолақтары жөнделіп, Балқаш әуежайының терминалы соңғы кезеңге жетті. Жаңа әуежайлар Катон-Қарағай, Зайсан және Кендірліде салынууда, Арқалық әуежайының қызметі қалпына келтірілуде.

Үкімет 2025–2031 жылдарға арналған азаматтық пилотсыз авиацияны дамыту тұжырымдамасын бекітті. Мерекелік күндерге қосымша рейстер ұйымдастырылып, жолаушылар тасымалының қолайлылығы арттырылмақ.

ТЕСТІЛЕУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Ұлттық бірыңғай тестілеуді жетілдіру бойынша түсінік берді.

— Қазақстандық ҰБТ-ны үздік әдіснамасы мен сапасы бар халықаралық тестілеу жүйесіне айналдыру мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылды. Оның аясында Educational Testing Service (ETS) компаниясымен бірлесіп әзірлеушілер мен сарапшылар тізімін дайындау, ҰБТ-ны кезең-кезеңімен жетілдіру бойынша бес жылдық жоспар әзірлеу және тестілеу форматын жетілдіру әдіснамасын жасау жоспарланып отыр, — деді ведомство өкілі.

Министрлік 2026 жылы

тестілеу форматына ешқандай өзгеріс енгізілмейтінін атап өтті.

— Барлық жаңалықтар ғылыми тұрғыдан зерделеніп, шетелдік және отандық тәжірибелі мамандармен мұқият талқыланады. Білімді бағалау жүйесіндегі өзгерістердің мәні мен нәтижелері толық түсіндіріледі, — делінген ведомство хабарламасында.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ETS халықаралық ұйымы еліміздің жоғары оқу орындарына түсуге арналған ҰБТ-ны трансформациялауға бағытталған стратегиялық әріптестікті бастайды. Қазақстанда ҰБТ форматы халықаралық стандарттарға сай жаңартылады, ал жаңа форматқа көшу 2027 жылы ұсынылуы мүмкін.

ПАРЛАМЕНТ ЦИФРЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Қазақстанда Парламент қызметін цифрлық модельге көшіру жұмыстары қолға алынды. Бұл туралы Парламентаризм институтының құрылғанына бес жыл толуына арналған Еуразиялық форумда Мәжіліс төрағасының орынбасары Дания Еспаева мәлімдеді.

Вице-спикер Мемлекет басшысының Қазақстанды үш жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналдыру жөніндегі тапсырмасын еске салды.

— Осы сессия барысында Парламент депутаттары «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодексті бастамашылық етіп қабылдады. Бұл маңызды құжаттар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектке негізделген жаңа қоғамдық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырады, — деді Дания Еспаева.

Оның айтуынша, заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру үшін депутаттардың цифрлық шешімдерді кеңінен пайдалануы аса маңызды.

— Біз Парламенттің цифрлық моделіне кезең-кезеңімен көшу жұмысын бастадық. Қазіргі таңда «e-Parlament» бірыңғай ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Бұл кешенді цифрлық платформа заң шығару үдерістерін автоматтандыруға бағытталған. Әзірге бастапқы кезеңдеміз, алайда жүйенің артықшылықтары айқын: ішкі парламенттік процестер толықтай онтайландырылады, — деді вице-спикер.

Сондай-ақ «e-Parlament» жүйесі Электронды үкіметтің өзге де платформаларымен ықпалдас-тырылатыны атап өтілді.

Қаласаң, тақырыбын көркемірек етіп өзгертіп, немесе агенттік жаналық форматына да бейімдеп берейін.

БАРЛЫҚ АЗАМАТ ОНКОСКРИНИНГТЕН ТЕГІН ӨТЕДІ

Елордада 250 мыңнан астам азамат МӘМС жүйесіне тіркелмеген, олардың 15,6 пайызы әлеуметтік әл-ауқаты төмен адамдар.

— Біздің басты мақсатымыз — әлеуметтік мәртебесіне қарамастан халықты МӘМС жүйесімен қамту. Бұл ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді. Бірыңғай пакет әлеуметтік маңызды ауруларды алдын ала диагностикалауға жағдай жасайды. Мысалы, онкологиялық скринингтер МӘМС мәртебесіне қарамастан барлық қазақстандыққа қолжетімді болады. Бұл тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында қатерлі ісіктерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ТМҚК тек туберкулез бен АИТВ бойынша диагностика жүргізеді, — деді «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ басшы орынбасарының м.а. Фарида Тулешева «МӘМС аясындағы өзгерістер» брифингінде.

Сондай-ақ, әлеуметтік маңыз-



ды ауруларға күдік туындаған жағдайда тегін тексерулер жүргізіледі.

— 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС аясында әлеуметтік маңызды аурулардың жаңартылған тізімі күшіне енеді. Онда 11 нозология бар: туберкулез, АИТВ, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфарктісі, балалар церебралды сал ауруы, жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары, орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары, цереброваскулярлық аурулар, инсульт және эпилепсия, — деді спикер.

ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ TÜRKÜNİB ҚҰРАМЫНА ЕНДІ

Қазақ ұлттық хореография академиясы Түркі мемлекеттері ұйымының қолдауымен жұмыс істейтін Түркі мемлекеттері университеттері одағына (TÜRKÜNİB) мүше болды. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

— Академияның халықаралық бірлестікке қосылуы академиялық ұтқырлықты дамытуға, білім беру мен ғылыми ынтымақтас-тықты кеңейтуге, сондай-ақ түркі әлемі жоғары оқу орындары арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді, — делінген хабарламада.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері кеңесінің саммитінде ортақ білім беру кеңістігін қалыптастыру мен студенттер мен



оқытушылар арасындағы академиялық алмасуларды қолдаудың маңызын атап өткен болатын.

Айта кетейік, TÜRKÜNİB құрамына Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Мажарстанның 170-тен астам жоғары оқу орны кіреді. Қазақстан тарапынан одаққа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және басқа да жоғары оқу орындары мүше.

Қазыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты:

МҰНАЙДЫҢ ТРИЛЛИОНДАРЫ ҚАШАН ҚАЙТАДЫ?!

ҚР Парламенті Мәжілісінің Жалпы отырысында Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исаның шетелдік корпорациялардың елімізге тигізіп жатқан экологиялық зардаптары мен тендер тәртібін бұзып, мердігерлік міндеттемесін орындамай, келтірген шығындары үшін төлеуі тиісті триллиондардың төленбей келе жатқаны туралы ел экономикасы үшін ерекше маңызы зор күрделі мәселені көтеріп, ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалы

17 желтоқсан – дүниені дүр сілкіндірген, Кеңес Одағында тұңғыш рет қызыл империяның іргесін шайқаған 86 жылғы Қазақ жастарының Азаттық үшін алаңға шыққан күні – Желтоқсан қаһармандарына тағзым етіп, рухтары пейіште шалқи бергей дейміз. Алда ұранымызға айналған қасиетті күнді Құранымыздай қастерлейтін кез де келеді деп сенеміз. Тәу етер Тәуелсіздігіміздің көк туы көкте мәңгі желбірей бергей!

Қазыбек Иса бүгінгі 17 желтоқсандағы депутаттық сауалын Желтоқсан қаһармандарына тағзым етіп, бұл күннің қасиетіне мән беруден бастады.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮРДЕЛІ ДАУЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРЫМЫЗ ДАЙЫН ЕМЕС!

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі О. А. БЕКТЕНОВКЕ
ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Отыз жылдан астам Қазақтың мұнайын – қара алтынымызды қалауынша игеріп жатқан шетелдік компаниялармен есеп айырысу қалай болуда! Осы маңызы зор мәселені нақты ретке келтіру қажет деп білеміз.

Шетелдіктермен стратегиялық кен орындары жайлы 90-шы жылдары жасалған Өнімді бөлу Келісімдері (ӨБК) қашанда елдің емес, тек инвестордың мүддесі мен пайдасын ғана қорғайтын келісім. Сондықтан, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы: «Өнімді бөлу туралы бұрынғы келісімдер 30 жыл бұрын мүлдем басқа жағдайларда жасалған және ұзарту кезінде оларға өзгерістер енгізу қажет» деп мәлімдеп, Үкіметке тиісті шараларды қабылдауды тапсырды. Ел экономикасы үшін ерекше маңызы зор осы мәселе әлі шешілмей келеді...

«Ақ жол» Демократиялық партиясы, өнімді бөлу тетігінің әділетсіздігі туралы мәселені Парламентте бірнеше рет көтерді.

1.2023 жылы көктемде Қазақстан билігі шетелдік компанияларды тендер тәртібін бұзды, мердігер міндеттемесін толық орындамады деп айыптап, серіктестерінің Қашаған бойынша 13 млрд, Қарашығанақ бойынша 3,5 млрд доллар шығынды ұстап қалғанына наразылық жасап, қайтаруды талап етті. (Bloomberg).

Қазақстан NCOC (Қашаған жобасының операторлары консорциумы) мен Karachaganak Petroleum Operating BV компанияларын халықаралық арбитражға берді.

Мемлекет айыптаған негізгі тұстар:

1. Компаниялар тендер мен өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарын бұзды;
2. Қашаған бойынша мердігер міндеттемелерін толық орындаған жоқ;
3. Осыдан Қазақстан шығындарға ұшырады және уақтылы жобаны жүзеге асыра алмады.

Осы инвесторлар пайдаланып кеткен 16,5 млрд. доллардың жағдайы не болды? Бұл 8,6 триллион теңге!

2. Айыптар тек тендер мен міндеттемені орындау мәселесіне ғана қатысты емес. Оған қоса Қазақстан 2023 жылы наурыз айында Қашаған жобасынан экологиялық талаптар бұзылды деп North Caspian Operating Company N.V. 2,3 трлн. теңге - \$5,1 млрд доллар (сол кездегі бағам бойынша) мөлшерінде экологиялық айыппұл төлеу туралы талап қойды.

Атап айтқанда, мәселе, сірке қышқылын сақтау нормаларының бұзылуында болып отыр: рұқсат етілген 773 мың тоннаның орнына, 2,5 есе көп — 1,7 млн. тонна орналастырылған және т.б.



Кейінірек, бұл айыппұл, шамамен 150 млрд. АҚШ доллары көлемінде (Bloomberg) өтемақы туралы жиынтық талаптарға дейін кенейтілгені хабарланды.

3. Алайда, екі жылдық сот процестерінің қорытындысы бойынша даудан ұтылып, осы уақытқа дейін бұл айыппұл өндірілген жоқ.

Бұл ретте, сарапшылардың бағалауы бойынша, теңгенің 2023 және 2025 жылдар арасындағы долларға шаққандағы бағамдық айырмасының нәтижесінде, теңгемен есептелген айыппұл сомасы шамамен 1 млрд. долларға қысқарған.

Басқаша айтқанда, істің екі жыл бойы созылып кетуі, қалай болғанда да, валюта бағамының құбылуына байланысты, теңгемен есептелген Қазақстан талаптарының долларлық мәнде орасан зор сомаға қысқаруына әкеп соқты.

Мұндай жағдай, әрине, шетелдік компаниялар үшін тиімді, бірақ Қазақстан үшін зиянды. Сонда біз істі екі жыл созып жүріп, басқаларын айтпағанда, тек 5,1 млрд. доллардан тағы 1 млрд. долларға жуық жоғалттық.

Яғни, осы уақыт ішінде консорциум миллиардтаған қаржылық пайда көрді, ал Қазақстан бюджеті миллиардтаған шығынға батты.

4. Отыз жылдан бері сол кездегі билік пен инвесторлардың Өнім табысын бөлудің құпия келісім-шарттары кесірінен халыққа мұнай мұхитынан тамшы ғана тиіп отырғаны аздай, енді енді мемлекетке шетелдік компаниялар өтеуден бас тартып отырған орасан зор экологиялық зиян да келтіріп отыр.

5. Тіпті, триллиондаған теңгемен есептелген экологиялық айыппұлдар, сондай-ақ шетелдік консорциумдардың тендерлік рәсімдерді бұзғаны және мердігерлік міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұлдардың әлі күнге өндірілмегенін қалай түсінуге болады?

Неліктен мемлекеттік органдар өз талаптарын дәлелдей алмады?

Халықаралық арбитражда Қазақстанның ұтылуының себебі неде?

6. Бұндай жағдай ұлттық мүдделерге тікелей зиян келтіріп қана қоймай, мемлекеттік органдардың осындай деңгейдегі күрделі дауларға дайын еместігін де көрсетіп отыр.

Жалпы шетелдік компаниялар заңсыз иеленіп отырған 16,5 млрд доллар - 8,6 триллион тг, айыпақдан ала алмай отырған 5,1 млрд. доллар - 2,3 трлн. тг, бәрі 11 триллион теңге - біздің елдің бір жылдық бюджет кірісінің жартысынан асып кететін алапат қаржы ғой?!

«Ақ жол» демократиялық партиясы мұндай ахуалмен келісуге болмайды және осы бағыттағы жұмысты күшейту қажет деп санайды.

7. Біріншіден, мұндай айыппұлдарды теңгемен белгілеу — біздің мемлекет үшін зиянды, ал шетелдік компаниялар үшін тиімді тәжірибе болып отыр. Мұнай экспорттаушылардың табысы доллармен есептеліп, ал айыппұлдарды теңгемен белгілеу даулардың қаралуы барысында олардың құнсыздануына әкеп соғады.

Екіншіден, шетелдік корпорациялар ішкі нарыққа мұнай жеткізбейді, жанар-жағармай бағасын тежеуге ықпал етпейді, бірақ сонымен қатар, ұлттық байлығымыздан шамадан тыс пайда көруде.

Үшіншіден, мемлекеттік органдардың талап-арыздарды ұзақ уақыт дайындауы және сот талқылауларының созылуы да, шетелдік корпорациялардың мүддесіне жұмыс істеп, тіпті арбитражда жеңіске жеткен жағдайда да, талаптар сомасының төмендеуіне әкеледі.

Бұл ретте мынаны ескерген жөн:

1. Экология — мемлекеттің егемен құқығы болып табылады (police powers доктринасы);

2. Экологиялық залал, жалғасып жатқан құқық бұзушылық сипат алған;

3. Күкіртті сақтау көлемі объективті түрде асырылған;

4. Өнімді бөлу туралы келісімдер, инвесторларды экологиялық заңнаманы сақтаудан босатпайды.

Осындай салмақты дәлелдер бола тұра, халықаралық соттан ұтылу - біздің өкілдеріміздің кәсіби дайындық деңгейіне қатысты сұрақтар туындатады.

«Ақ жол» фракциясы аталған бұзушылықтарға жол берген шетелдік инвесторларды жауапқа тарту жөніндегі Үкіметтің іс-қимылын қолдайды.

«Ақ жол» партиясы Ұлттық мүддені қорғау үшін Үкіметтен шұғыл және нақты шаралар қабылдауды талап етеді:

1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы —

экспорттаушыларға арналған ірі айыппұлдарды, олардың табысын алатын валютада есептеуді міндеттеу;

2. Шетелдік корпорациялар соттық және бюрократиялық созбаландық арқылы девальвациядан пайда көретін тәжірибеге нүкте қою;

3. Аталған даулардың халықаралық арбитражда ұтылу себептеріне талдау жасау. Дұрыс дайындық пен ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау бойынша ары қарайғы әрекеттерге қорытынды жасау.

Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттары:

Қазыбек ИСА,

Азат ПЕРУАШЕВ,

Дания ЕСПАЕВА,

Ерлан БАРЛЫБАЕВ,

Серік ЕРУБАЕВ,

Олжас НҰРАЛДЫНОВ

2023 ЖЫЛЫ КӨКТЕМДЕ ҚАЗАҚСТАН БИЛІГІ ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРДЫ ТЕНДЕР ТӘРТІБІН БҰЗДЫ, МЕРДІГЕР МІНДЕТТЕМЕСІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАМАДЫ ДЕП АЙЫПТАП, СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ ҚАШАҒАН БОЙЫНША 13 МЛРД, ҚАРАШЫҒАНАҚ БОЙЫНША 3,5 МЛРД. ДОЛЛАР ШЫҒЫНДЫ ҰСТАП ҚАЛҒАНЫНА НАРАЗЫЛЫҚ ЖАСАП, ҚАЙТАРУДЫ ТАЛАП ЕТТІ.

2023 ЖЫЛЫ НАУРЫЗ АЙЫНДА ҚАШАҒАН ЖОБАСЫНАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР БҰЗЫЛДЫ ДЕП NORTH CASPIAN OPERATING COMPANY N.V. 2,3 ТРЛН. ТЕҢГЕ – \$5,1 МЛРД. ДОЛЛАР (СОЛ КЕЗДЕГІ КУРС БОЙЫНША) КӨЛЕМІНДЕ АЙЫППҰЛ ТАЛАП ЕТТІ.

АЛАЙДА, ЕКІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН СОТ ДАУЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ МЕМЛЕКЕТ ЖЕҢІЛІП, БҰЛ АЙЫППҰЛДАР ӘЛІ ӨНДІРІЛМЕЙ ОТЫР.

2023 ЖЫЛ МЕН 2025 ЖЫЛҒЫ ДОЛЛАР КУРСЫ БОЙЫНША ТЕҢГЕНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ САЛДАРЫНАН АЙЫППҰЛ 1 МЛРД. ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ АЗАЙДЫ. СОНДА БІЗ ІСТІ ЕКІ ЖЫЛ СОЗЫП ЖҮРІП, БАСҚАЛАРЫН АЙТПАҒАНДА, ТЕК 5,1 МЛРД. ДОЛЛАРДАН ТАҒЫ 1 МЛРД. ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ ЖОҒАЛТТЫҚ.

ОТЫЗ ЖЫЛДАН БЕРІ СОЛ КЕЗДЕГІ БИЛІК ПЕН ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ҚҰПИЯ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРЫ КЕСІРІНЕН ХАЛЫҚҚА МҰНАЙ МҰХИТЫНАН ТАМШЫ ҒАНА ТИІП ОТЫРҒАНЫ АЗДАЙ, ЕНДІ МИЛЛИАРДТАҒАН ДОЛЛАР АЙЫППҰЛ МЕН ӨТЕМАҚЫДАН АЙРЫЛЫП ОТЫРМЫЗ! БҰҒАН ҚАШАН ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІЗ?

ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЕЛІМІЗГЕ КЕЛТІРГЕН ШЫҒЫНДАРЫ ҮШІН ТӨЛЕНУІ ТИІС ТРИЛЛИОНДАР ҚАЙДА?

АЙЫППҰЛДАРДЫҢ ТЕҢГЕМЕН БЕЛГІЛЕНУІ – ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРҒА ТИІМДІ, АЛ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ЗИЯНДЫ!

ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАН ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР ЗАҢСЫЗ ИЕЛЕНІП ОТЫР ДЕП, ТАЛАП ЕТКЕН 8,6 ТРИЛЛИОН ТГ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫПАҚЫДАН АЛА АЛМАЙ ОТЫРҒАН 2,3 ТРЛН. ТГ, БӘРІ 11 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ – БІЗДІҢ ЕЛДІҢ БІР ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ КІРІСІНІҢ ЖАРТЫСЫНАН АСЫП КЕТЕТІН АЛАПАТ ҚАРЖЫ ҒОЙ?!

«АҚ ЖОЛ» ҮКІМЕТ ЖАУАБЫМЕН КЕЛІСПЕЙДІ

«Ақ жол» демократиялық партиясы отандық өндірушілер тізілімінің жұмыс істеу қаби-летсіздігі тәуекелдерін алдын алуды талап етеді. Бұл туралы депутаттық сауалды партия төрағасы Азат Перуашев мәлім-деді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
О. А. БЕКТЕНОВКЕ

Биылғы 1 қазанында «Ақ жол» фракциясы туындаған кідірістерді ескере отырып, Қазақстандық тауар өндірушілерінің тізілімін (бұдан әрі — КТӨ тізілімі) енгізу үшін 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін өтпелі кезеңді енгізу және индустриалды сертификаттар мен СТ-KZ колданылу мерзімін ұзарту туралы ұсыныспен Үкіметке депутаттық сауал жолдады.

28 қазандағы жауабында Үкімет ұсынылған шаралардан бас тартты, келесіні мәлімдеді: «КТӨ тізілімінің техникалық операторы «Электрондық қаржы орталығы» АҚ электрондық платформаны әзірлеп, цифрлық верификация модулін жүзеге асырды. КТӨ тізілімін 2025 жылдың желтоқсанында өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарлануда».

Бүгін 17-сі, желтоқсанның көп бөлігі өтіп кетті. Дегенмен, «ПетроМашЗавод» ЖШС, «Машина жасау жабдыктары зауыты» ЖШС, «Мұнаймаш» АҚ, «Пойск венчурлық фирмасы», «AVAGRO» ЖШС, «Lukoil Lubricants» зауыты және басқа да отандық кәсіпорындар «Ақ жол» демпартиясына хабарласып, Тізілімнің дайын еместігін хабарлауда.

Олардың барлығы Тізілімнің электрондық платформасында тіркеуден өте алмауда, өздерінің айтуынша, платформа үнемі тоқтап қалады.



Сонымен қатар, Ережеге сәйкес, деректерді қарау және тексеру мерзімі 20 күнді құрайды, ал, Тізілімге ретроспективті енгізу механизмі қарастырылмаған. Бұл дегеніміз, аталмыш платформа бүгін жұмыс істеп кеткен күннің өзінде де, кәсіпорындар шығынға ұшырайтын болады, себебі олардың жыл басында шығарған өнімдері отандық тауар мәртебесіне ие болмайды, сол арқылы мемлекеттік сатып алуларда артықшылықтан айырылады.

Қолданыстағы СТ-KZ және индустриалды сертификаттары бар кәсіпорындарды Тізілімге автоматты түрде қосу туралы мәлімдеме орындалмады: E-ONDIRIS ақпараттық жүйесінде жұмыс істейтін алгоритмдер жоқ, автоматты түрде көшіру қамтамасыз етілмеген, кәсіпорындар үнемі техникалық ақауларға қарамастан рәсімдерді қайталап өтуге мәжбүр. Сондықтан, «жүйенің дайындығы» туралы мәлімдемелер шындыққа жанаспайды.

Өнеркәсіпшілердің сөзінше,

Тізілімнің толық дайын болмай қолданыстағы сертификаттарды ұзартудан бас тарту жүздеген компаниялардың жыл басында, келісімшарт жасау кезеңінде отандық өндіруші мәртебесінен айырылуына әкеледі. Мәселен, машина жасау тапсырыстарының 95%-дан астамын «Самұрық-Қазына» қоры және ұлттық компаниялар сатып алады, ал, олардың КТӨ Тізілімінде болмауы нарықтан автоматты түрде шығарылуы білдіреді.

Тіпті, отандық өндірушілер осының барлығы шетелдік жеткізушілердің мүддесі үшін әдейі жасалып жатыр деп те күдіктенуде.

Үкіметтің біздің сауалымызға берген жауабында мұндай жағдайлармен байланысты тәуекелдер көрініс таппаған. Демек, КТӨ тізілімін толыққанды іске қосуды кешіктіру өнімді қабылдаудан бас тартуға, айыппұлдарға, адал емес жеткізушілер тізіміне қосылуға және импорттаушылар мен делдалдардың қазақстандық өндірушілерді ығыстыруына әкеледі — осының барлығы биз-

нестің кінәсінен емес, мемлекеттік органдардың дайын еместігінен орын алып отыр.

Сонымен қатар, КТӨ тізілімі арқылы расталған отандық өндіріс мәртебесіне енді бір бизнес брендке, технологияға, өндіріс франшизасына, материалдарына және сату нарығына иелік ететін, бірақ физикалық өндіріс басқа кәсіпорында жүзеге асырылатын «келісімшарттық өндіріс» кірмейді.

КТӨ тізілімі «бір зауыт — бір өндіруші» моделіне бағытталған, нәтижесінде келісімшарттық өндіріс отандық өндірістің бір түрі ретінде танылмайды және мемлекеттік қолдау жүйесінен алынып тасталады. Дегенмен, өндірістің бұл түрі тамақ және косметика өнеркәсібінде (KazBAD, BAYAN), химиялық реагенттер өндірісінде (CIPTEC) және халықаралық компаниялардың қатысуымен фармацевтикада (AstraZeneca, Pfizer) да бар. Келісімшарттық өндіріс форматы белгілі бір дәрежеде кәсіпорындардың толық жүктелмеуі мәселесін шешуге мүмкіндік береді,

мұны жақында әріптесіміз, депутат Ермұрат Бапи көтерді. EconomyKz.org мәліметтері бойынша, машина жасау және тамақ өнеркәсібіндегі бос тұрған қуаттардың үлесі 55%-дан асады, химия өнеркәсібінде — 52%-дан асады, ал фармацевтикада — 70%-дан асады (<https://economykz.org/?p=23053>).

Жоғарыда айтылғандарды, сондай-ақ үкіметтің негативті жауабын ескере отырып, келесі жылы отандық өндірістің теріс салдарға тап болу қаупі бар екенін ескеруге мәжбүрміз, бұл үшін жауапкершілік бизнестің сигналдарын елемеген мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Сондықтан, «Ақ жол» фракциясы тағы да мыналардың қажеттілігін талап етеді:

1) КТӨ тізілімін енгізудің өтпелі кезеңін кемінде 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзарту;

2) Бұрын берілген индустриалды сертификаттар мен СТ-KZ сертификаттарының жарамдылық мерзімін сол мерзімге ұзарту;

3) Тізілім аясында келісімшарттық өндірістің ерекшеліктерін ескеру;

4) Тізілімдегі кемшіліктер толығымен жойылғанға дейін отандық өндірушілердің мемлекеттік сатып алулардан, «Самұрық-Қазына» қорының, ұлттық компаниялардың сатып алуларынан және басқа да реттелетін сатып алулардан шеттетілу қаупін жойып, тиісті шараларды қарастыру.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары
А.ПЕРУАШЕВ,
Д.ЕСПАЕВА,
Е.БАРЛЫБАЕВ,
Қ.ИСА,
С.ЕРУБАЕВ,
О.НҰРАЛДИНОВ

ОТАНДЫҚ АВТОМОБИЛЬ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІН АЛҒА ТАРТТЫ

Отандық автомобиль өнеркәсібін дамыту мәселесіне қатысты депутаттық сауалды «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаты Серік Ерубаев жолдады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
О. А. БЕКТЕНОВКЕ

Дамыған ұлттық автомобиль өнеркәсібі, индустриялық тұрғыдан өркендеген және технологиялық жағынан бәсекеге қабілетті мемлекеттің айқын маркері болып саналады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан өз автомобиль өндірісін қалыптастыруға бірнеше рет талпыныс жасады. Алайда, бұл бағыттағы нәтижелер соңғы жылдарға дейін, көрсетілген мемлекеттік қолдаудың көлеміне сай келмей отыр.

Оның ең көрнекті мысалдардың бірі — Өскемендегі «Азия Авто» жобасы мен индустриялық алаңға қатысты қалыптасқан жағдай. Көп жылдар бойы аталған кәсіпорын салықтық жеңілдіктер, кедендік преференциялар және индустриялық субсидиялар сияқты елеулі мемлекеттік қолдау алып келді.

Ашық дереккөздерге сәйкес, мемлекеттік қолдаудың жалпы көлемі жүздеген миллиард теңгеге бағаланған. Дегенмен, компания

нақты өнеркәсіптік локализацияға көшпеді, толыққанды терең қайта өңдеу зауытын салу бойынша міндеттемелерін орындамады және іс жүзінде ұзақ уақыт бойы тек «отверткалық» құрастырумен шектелді.

«Азия Авто» компаниясына компоненттерді импорттау кезінде 75 млрд. теңге, дайын өнімді өткізу кезінде 122 млрд. теңге қосымша құн салығынан, 99 млрд. теңге кеден төлемдерінен босатылды. Сонымен қатар, кәдеге жаратудан (утильсбор) 65 млрд. теңге иемденді.

Осылайша, барлық жеңілдіктер мен преференциялардың жалпы көлемі 361 млрд. теңгені құрады.

Алайда, мемлекет не жоспарланған өндірістік қуаттарды, не күтілген технологиялық әсер, не жергілікті жеткізушілердің толыққанды экожүйесін жасай алмады.

«Азия Автоның» жағдайы жаңа индустриалды жобаларды жүзеге асыру кезінде осындай қателіктердің қайталануын болдырмайтын маңызды және өте қымбат сабақ ретінде қарастырылуы тиіс.

Бір кездері «Азия Авто» жобасы ең жоғары деңгейдегі мемлекеттік делегациялардың қатысуымен зор салтанатпен ашылған болатын. Қажетті инфрақұрылым да толықтай жасалды. Ал, қазіргі уақытта осы пайдаланылмай тұрған қуаттардың, уақыт өте келе тозығы шығаты-



ны анық. Мұндайға жол бермей, оларды тиімді пайдалану қажет деп санаймыз.

Бүгінде Қазақстанда бірнеше автомобиль өндіріс жобалары жүзеге асырылып жатыр. Мысалға, Қостанайдағы көпбрендтік «AllurAuto» кластері мен Алматыдағы «Hyundai Trans Kazakhstan» айтуға болады. Олар тек автокомплекттерді жинаумен шектелмей, қосалқы бөлшектер өндірісін де жүзеге асыруда.

Осыған байланысты, «Азия Авто» компаниясының әлі де өндірістік қуаттарын аталған жобаларды дамыту үшін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу, не оларды ауыл шаруашылығы немесе өзге де техниканы шығаруға бағыттау қажет екенін атап өтеміз.

Мәселе тек өндірістік базада ғана емес. «Азия Авто» зауытында бір кездері мыңдаған жергілікті қызметкерлер мен Еуропаның атақты автоөндірістерінде білім алып, тәжірибеден өткен білікті кадрлар еңбек етті. Олардың дағдыларын алдағы уақытта жоғары технологиялық өндірісте пайдалану әлдеқайда тиімді болар еді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, автомобиль саласын дамыту, қарапайым құрастырудан толыққанды өндіріске кезең-кезеңімен өту арқылы ғана мүмкін.

Мәселен, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытайда автомобиль өнеркәсібі, басында қарапайым жинақтау және келесі кезеңде ше-

телдік моделдердің көшірмесін жасау арқылы бастаған. Қазіргі кезде бұл елдер автомобиль державаларына айналып, бүкіл әлем солардың машиналарын өз игілігіне пайдалануда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы Өскемендегі «Азия Авто» компаниясының өндірістік базалары мен инфрақұрылымын әрі қарай дамытуға арналған бағдарламалық құжаттарға енгізу мәселесін пысықтау қажет деп санайды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты — аталған өндірістік активтерді сақтап қалу және оларды автомобильдер, ауыл шаруашылығы техникалары, өзге де машина жасау өнімдері мен қосалқы бөлшектер өндірісінде одан әрі пайдалану болуы тиіс.

Мұндай бастама, Өскемен қаласының тек шикізат немесе металл өндіретін өңір емес, дайын өнім шығаратын тағы да бір жаңа индустриялық орталыққа айналуына айтарлықтай ықпал етер еді.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттары
С.ЕРУБАЕВ
А.ПЕРУАШЕВ
Д.ЕСПАЕВА
Қ.ИСА
Е.БАРЛЫБАЕВ
О.НҰРАЛДИНОВ

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ТІЗІМІН РЕТТЕУДІ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» Әлеуметтік маңызды азық-түлік тізімін реттеуді талап етті. Бұл жайлы депутаттық сауалды «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаты Олжас Нұралдинов жолдады.

САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ
А.А. ШАҚҚАЛИЕВКЕ

«Ақ жол» демпартиясына шағын бөлшек сауда кәсібінің өкілдері – үй жанындағы дүкендердің иелері жүгінуде.

Кәсіпкерлердің айтуынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің тізімін 19-дан 33 атауға дейін жоспарланған кеңейтілуі бағаны реттеудің қолданыстағы механизмінің сақталған жағдайында үй жанындағы дүкендердің өз жұмысын тоқтатып, банкроттыққа ұшырау және сауда нысандарының жабылу қаупін туғызады.

Үй жанындағы дүкендердің экономикалық моделі әкімшілік реттеуге принципті түрде осал келеді. Салалық деректерге сәйкес, мұндай дүкендердің орташа пайда маржасы 2-8% құрайды, бұл жалдау ақысы, жалақы, логистика және коммуналдық қызметтер сияқты базалық шығындарды жабуға ғана мүмкіндік береді.

Оған қоса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің ұсынылған кеңейтілген тізіміндегі 14 тауар ерекше сақтау шарттары мен минималды сақтау мерзімі бар тез бұзылатын өнімдер болып табылады, оның ішінде көкөністер мен жемістер бар, бұл сөзсіз есептен шығару мен қосымша шығындардың артуына әкеледі.

Үй жанындағы дүкендердің айтарлықтай бөлігі жалға алынған орындарда жұмыс істейді, ал коммуналдық төлемдер соңғы жылдары 40-50%-ға өсті. Барлық міндетті шығындарды ескере отырып, ең жоғары сауда үстемеақысы 10-15% және айналымнан төленетін салықты (4%-ға дейін) қоса есептесе, нақты маржасы теріс болып шығады, яғни, олар шығынға батып жұмыс істеуде. Нәтижесінде, үй жанындағы дүкендер тұрақты бизнес ретінде емес, отбасын жұмыспен қамту үшін мәжбүрлі түрде жұмыс істеп, көбінесе тек минималды күнкөріс көзін қамтамасыз етеді.

Әрине, біз қазіргі жағдайда халық үшін азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және бағаның өсуін тежеу қажеттілігін түсінеміз. Дегенмен, бұл жағдайда мемлекеттік саясат азаматтарды қолдаумен қатар, бағаны төмен ұстап тұруға жауапты шағын және микробизнесі де қолдайтындай етіп құрылуы керек.

Негізінен ірі бөлшек сауда желілеріне бағытталған ӘКК мен өндірушілердің қазіргі жұмыс моделі бойынша, үй жанындағы дүкендер арзан сатып алу және тікелей жеткізу жүйесінен іс жүзінде алынып тасталған. Дегенмен, олар әлі де сол әкімшілік баға шектеулеріне бағынады, бұл оларды жүзеге асыруды экономикалық тұрғыдан мүмкін емес етеді.

Әлеуметтік әсерді де ескеру қажет. Үй жанындағы дүкендер әдетте отбасылық кәсіп болып табылады. Мұндай әрбір дүкен орта есеппен үш-бес адамды жұмыспен қамтиды. Үй жанындағы дүкендердің жаппай жабылуы мыңдаған жұмыс орындарының жоғалуына, азық-түлік тауарлары қол жетімділігінің төмендеуіне және әлеуметтік шиеленістің артуына әкеледі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, азық-түлік қауіпсіздігі және халықты әлеуметтік қолдау шағын бөлшек сауда кәсіпкерлігіне әкімшілік бағаны реттеуді артып қою арқылы емес, адрессті құралдар, тұрақтандырылған сатып алулар және өндірушілер мен логистиканы қолдау арқылы шешіледі.

Президенттің шағын және орта бизнестің жұмыспен қамтуды және аймақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету факторы ретіндегі маңыздылығын, сондай-ақ әкімшілік кедергілер мен әкімшілік ауыртпалықты азайту қажеттілігін бірнеше рет атап өткен ұстанымын ескере отырып, «Ақ жол» демократиялық партиясы мыналарды сұрайды:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлардың кеңейтілген тізбесі (33 атау) тек ірі бөлшек сауда субъектілеріне ғана қолданылатынын белгілеу.

2. Үй жанындағы дүкендер үшін сауда үстемеақыларын (19 атау) әкімшілік реттеуді бұрынғы режимде қалдыру.

3. Егер реттеу сақталса, үй жанындағы дүкендерге әлеуметтік маңызды тауарларды ӘКК арқылы қолжетімді жағамен сатып алуға, соның ішінде орталықтандырылған жеткізуге және отандық өндірушілермен делдалсыз тікелей жұмыс істеуге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының депутаттары
О.НҰРАЛДИНОВ,
А.ПЕРУАШЕВ,
Д.ЕСПАЕВ,
Қ.ИСА,
Е.БАРЛЫБАЕВ,
С.ЕРУБАЕВ



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астана қаласындағы «Ақ жол» партиясының бас кеңсесінде ұлттық мүдде мен мемлекеттік құрылыстың өзекті мәселелерін қозғаған «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауының қорытынды кезеңі сәтті өтті. Байқауға еліміздің барлық аймақтарынан 430-дан астам жас қатысып, Алаш арыстарының мұрасын терең зерттеуге деген үлкен қызығушылықтарын танытты. Бірінші кезеңнен 42 қатысушы іріктеліп, Талдықорғандағы Жетісу университетінде өткен жартылай финалда 12 үздік үміткер финалға жолдама алды.

Ақтық сынға қатысушылардың баяндамалары мен пікірталастарын ҚР ҰҒА академигі, алаштанушы Дихан Қамзабекұлы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» институтының директоры Сұлтан Хан Аққұлұлы (онлайн), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, филология ғылымдарының докторы Сағымбай Жұмағұл сынды белгілі ғалымдар мен алаштанушылар бағалады. Модераторлықты ЕҰУ Қазақ кафедрасының менгерушісі Қайырбек Кемеңгер жүргізді. Сондай-ақ, пікірсайысты «Ақ жол» Демократиялық партиясының Мәжілістегі депутаттары тамашалады.

Байқаудың ашылуында сөйлеген сөзінде ұйымдастырушылар Алаш идеясының мәңгілік құндылығына және оның Қазақстанның қазіргі дамуындағы стратегиялық бағдарына тоқталды.

«Ақ жол» Демократиялық партиясының Төрағасы ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Алаш идеясының мәңгілік құндылығына тоқталып: «бір ғасыр бұрын Алаш арыстары тәуелсіздік жолында құрбан болса да, олардың еңбектері – өшпес мұра. Алаштың Ұлттық идеясын толығымен іске асыру арқылы біз мықты, бай, дамыған мемлекет бола аламыз. Алаш идеясы – біздің елімізге тарихи терең тамырдан сусындаған ұлттық



бірегейліктің берік негізін қалап, демократиялық құндылықтар мен стратегиялық дамудың бағдарын айқындайды», — деп мәлімдеді.

Байқау барысында ерекше қызықты, танымдық және терең мазмұнды баяндамалар мен дискуссиялар өтті. «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы үздік жү-

II орын — Кәмшат Төрехұлова — Маңғыстау облысы, М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының мұғалім (500 000 тг)

III орын — Алпамыс Файзолла — Астана, Ұлыбританиядағы Абердин университетінің Ағылшын тілі мен әдебиеті бойынша Гуманитарлық ғылымдар магистрі (300 000 тг).



мыстардың қоғамдық маңыздылығын жоғары бағалап, оларды көпшілікке тарату мақсатында республикалық газет беттеріне жариялауға рұқсат сұрады. Бұл факт жас мамандар мен студенттердің Алаш мұрасын жаңғыртуға қосқан үлесінің ерекше бағаланғанын көрсетеді.

Төрт номинация бойынша өткен пікір-сайыстардың нәтижесінде үздік деп танылған жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйақылар табысталды.

«Алаштың әлеуметтік-саяси идеясы және оның қазіргі сабақтастығы» номинациясы бойынша:

I орын - Айдын Алтай — Жетісу облысы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Ғылым департаментінің бас менеджері, педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант (сыйақы 700 000 тг)

II орын - Руслан Ахмаганбетов — Алматы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Саясаттану магистрі (500 000 тг)

III орын - Анара Арманқызы — Алматы к., Қазақ-Британ Техникалық Университетінің студенті (300 000 тг).

«Алаштың рухани-ағартушылық қызметі және оның қазіргі Қазақстан қоғамына маңызы» номинациясы бойынша:

I орын — Данияр Ихсан — Астана к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты (сыйақы 700 000 тг)

«Алаш қайраткерлерінің экономикалық көзқарасы және кәсіпкерлікті дамыту» номинациясы бойынша:

I орын — Медина Қиса — Маңғыстау облысы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің мұғалімі (700 000 тг)

II орын — Канатбек Куянбаев — Астана, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты (500 000 тг)

III орын — Ардах Амиш — Астана к. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті (300 000 тг.)

«Алаш тарихының «ақтандақтары» номинациясы бойынша:

I орын — Дінмұхамед Байжұма — Алматы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Философия кафедрасының магистранты (700 000 тг)

II орын — Даниял Айдаров — Алматы, Әл-Фараби университетінің студенті (500 000 тг.)

III орын — Перизат Оралханова — Форт-Шевченко, Ж.Мыңбаев атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі (300 000 тг)

«Ақ жол» партиясы бұл байқауды жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу арқылы, Алаш мұрасын қазіргі заман талабына сай жаңғыртып, оның болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын арттыруды мақсат етеді.

Сонау тоқсаныншы жылдардың басында теледидардан «Құсни-Қорланды» әуелеткен әншіні алғаш көріп аңтарылғанымды ұмытпаймын. Осылайша ол уәделескен жардан айырылып, қапияда жер соғып қалған Ес-тайдың зарын ғана емес, мұңы басым бүкіл қазақтың арман-тілегін тебіrentкендей кейпінде есте қалыпты. Сол сәт дүниені дүрліктіріп, аспан астын аунат-қандай күркіреген зор баритон дауысымен дүйім жұртты жалт қаратты десе дәлірек. Әмбе кәсіби биік деңгей, терең жүрек сыры, келісті кескінімен де ай-рықша әсер еткен. Қабылаш Әбікейұлы деген азамат екен. Қырық жасты орталаған кезі болар. Апырай, бұрын қайда жүрген дегендей сауалдың да көлденеңдегені рас. Сөйтсек, тосын әншінің сол тұста тарихи Отанға Моңғол елінен қоныс аударып келген беті көрінеді. Кейінірек опера және балет театрының сахнасынан жарты әлемге Авхий Хавлаш есімімен танымал осы әншінің өнерін тамашалап жүрдік. Алайда кездесудің сәті түспепті. Енді міне, арада тағы бір қырық жылға таяу уақыт өткенде тілдесіп отырмыз.

Ілкіде әйгілі Федор Шаляпин тағдыры туралы сөз қозғалғанда: — Ә-ә, о кісі әлемдік деңгейдегі әнші ғой. Өз дәуірінде сирек жаратылған жан, — деп қалады. — Оның дауысы сонша оралымды, әсем ырғақты екен. Көпшілік өнерпаздың үні зор келеді, әйткенмен, қайсыбірінің арғы жағынан адамға жағымсыз әлденесі сезілмей тұрмайды. Шаляпин ондайдан ада-тын. Тегінде, үн тартымдылығының бір сыры — тазалықта. Екіншіден, актерлік таланты мықты болғандай. Тыңдаушысын лезде баурап алады. Одан соң дауыста «интонация» деген бар. Мысалы, сіздің әлдекімге ренжігеніңіз немесе жақсы көріп тұрғаныңыз сол екпін арқылы білінеді. Міне, ұлы орыс әншісінің ғаламаты сондай құдыретінде жататын. Италиялық атақты тенор Лучано Паваротти жөнінде де осыны айтар едім. Ол да — дүниежүзілік дәрежедегі шебер. Мұның бәрі Жаратушының берген үлкен бір дарыны екені анық. Павароттидің сиқырлы әуені миллиондаған көрерменді тәнті етті. Дегенмен, осынау екі өнер майталманың даңқ шыңына көтерген жанкешті еңбекқорлығы екені де даусыз...

Қабекеннің бұл лебізі өз мінездемесін де айшықтағандай көрінді. Мұндайда еріксіз көрнекті шайыр Жәркен Бөдештің: — Айқай салсаң Алтайдан — Көкшетау тұтас жаңғырды. Атырау тегіс тебіреніп, Қаратау тұтас жаңғырды. Көмейден аққан көк өзен Тасты уатып, жарды ұрды, — деп осы Қабылаш бауырына арнаған өлеңінің бір шумағы ойға оралады. Одан: — Әнші болу бала күнгі арманыңыз ба еді? — деп сұраймын. — Жо-о... Ол кездегі жағдай басқа еді ғой. Бастапқыда әнді тиіп-қашып, анау-мынау той-томалақ, шілдехана ортасында тыңдап өстік. Өнер адамы бола қояйын деп құмартпаппын. Мүмкіндік те туындамаған секілді. Заман қиындау-тын. Бірақ Алла-тағала өзі түп межеге ақырындап ыңғайлай беретін сияктанады. Келе-келе кішкене есейген соң бірлі-жарым орындарда топ алдына шығып әу деп ән сала бастап, ақырын жалғаса берді ғой.



Көкейінде

ғасырлардың



— Бәлкім, бұл ата-анадан дарыған бейімділік шығар?

— Ол да ғажап емес. Әсіресе, бозбала шақта нағашыларымның өнерден кара жаяу емесін аңғарушы едім. Шетінен өлең-жыр, айтысқа жуық екені байқалды. Бәрі де домбыра, сыбызғы тартатын. Кейбірінің жасынан серілік құрғаны, ер-тоқым, жүгенін безендіріп, жақсы ат мініп, той-думанға үйірлігі көрініп-ақ тұратын-ды.

— Дулы ортаға бірден шықпаудың пайдасы да болатын шығар.

— Баянөлгей аймағында үлкен сахнаға төтелей шығудың реті келе қоймады. Бәрін де әшейін әуестікпен бастадық қой. Ұзақ ысылдық. Жоғары мектеп тәжірибесінен өтпеген кезіміз. Әуелгіде қарапайым көркемөнерпаздар қатарында жергілікті сазгерлердің шығармаларын, кең тараған халық әндерін орындай жүре төселдік.

— Әнге жуықтықты қай кезден аңдадыңыз?

— Бала кезден-ақ ыңғайланғандаймыз. Ықпал еткен өнерпаздарға, ауыл арасындағы шеберлерге еліктейсің. Ерекше дүниелер қатты

қызықтырады. Оның сыртында елге шетелдік концерттер келеді, кино көреміз. Арагидік үлкен кештер ұйымдастырылып қалады. Соларды тамашалай жүре: «Е-е, осылай да айтуға болады екен-ау!» деп танырқайсың. Әйтеуір, қалайда әнші болайын деп армандамаппын. Тек әуестік, ынтызарлық ықпалымен жүрдік. Қазақы менталитет: «Әншілігі құрысын, ондай да мамандық бола ма?!» деп тосыркатады емес пе. О кездері, әсіресе, үлкендер жағы артист атаулыға біртүрлі жатырқай қарайтын. Әншінің оқуын оқу, кәсіби шыңдалу дегенді түсінбейтін. Жана айттым ғой, ондайға талаптанатындай жағдай да жоқ еді. Кейін консерватория деген үлкен мектеп болатынын білгенмен, оған бара алмайтын шығармын деп өз-өзімді тежей беріппін. 1966 жылы күзде Қазақстандағы Моңғолияның мәдениет күндері өтті. Орталық партия комитеті бірер жазушы, артистерден құралған делегация құрамына мені де кіргізіпті. Жастайымыздан аңсап, сағынып, бір әуенін тыңдауға зар болып, естісек мәз болып қалатын атажұртты көру мен үшін зор бақыт еді. Алматы қаласында, Жамбыл мен Шымкентте болдық. Сол сапар әйгілі әнші Ермек Серкебаев ағаммен таныстым. Ерекеннің әлемет дауысына, бітім-болмысына қайран қалдым. Жазушылар одағындағы кездесуде белгілі қаламгерлердің бәрі болды. Шығармашылық ұйымды Сәбит Мұқанов әкеміз басқарады екен. Әнімізді тыңдап, мән-жайға қаныққан соң о кісі: «Сенің тәп-тәуір дарының бар көрінеді. Өзің жаман жігіт емес сияқтысың. Оқығаның жөн. Осындағы консерваторияға түс. Небір білікті ұстаздар бар. Біз саған шама келгенше жәрдемдесейік. Мына басқарып келген адамдарына да құлаққағыс қылайын» — деді. Есім шығып қатты қуандым. Өкінішке қарай, ол тұста Моңғол мен Қазақ елі арасында келісімшарт жоқ екен. Сөйтіп тарихи Отанға жол түспеді. Келесі жылы Баянөлгей аймағына Моңғолияның сол кездегі жетекшісі Юмжагийн Цэдэнбал келді. Көсемді өлкенің барлық мекемелері салтанатпен қарсы алды. Театрда өнер көрсеттік. Кеш-

тен кейін көшбасшы мол дастархан басында бәрімізбен емен-жарқын жүздесті. Арасында мені байқап қалған ол: «Сен әлгінде ән салған азаматсың ба, атың кім еді? — деп сұрады да, көмекшілерінің біріне: «Мына жігітті қалайда оқуға жіберу керек!» — деді. Қысқасы, құзыретті басқарушының сөзі бұйрық ретінде қабылданатын кез ғой, содан көп ұзамай София консерваториясына аттандым. Яғни, менің өмірімді мүлде басқа бір арнаға бұрып жіберген сол Цэдэнбал еді. Сөз орайында айта кетейік, Моңғол елін қырық жылдай басқарған осы көреген басшының тағдыры жеңіл болмады. Қазір соның кіші ұлы Жориктің әкесі туралы кітабын оқып жатырмын. Моңғол тілінде жазыпты. Еліне адал қызмет еткен қайраткердің тартпаған тауқыметі жоқ екен...

— Бұрын-соңды барып көрме-

ген Болгар елінде өзіңіз де бірталай қиындықты өткерген боларсыз?

— Әрине, бірталай ауыртпалықты кештік қой. Жиырма бір жасымда барыппын. Албырттығым басым еді. Басқа елдерді былай қойып, бүкіл Еуропаға кең танымал шоқтықты оқу орнында нота танымаудан қиналғаным түсінікті шығар. Ал менен өзге талапкердің бәрі — музыка училищесін бітірген дайындығы мол қыз-жігіттер еді. Екіншіден, тіл білмеймін. Курстастарым сүт пісірім уақытта жаттап алатын дүниеге бола мен екі-үш сағат отыратынмын. Әйткенмен, бір-екі жылдан кейін ақырындап теңеліп кеттік. Алла-тағала берген кішкене дауыс бар, ұстаздар бағалай бастады. Талмай іздендік. Өзім «табысқа бес пайыз дарын, тоқсан бес пайыз еңбек арқылы жетесің» деген қағиданы мойындаймын. Қазір де сол тырбанудың арқасында келе жатырмыз. Басқа игере қоятындай кәсіп жоқ. Сауда қолымнан келмейді. Осында табан тірегеннен кейін де, мысалы, кейбір әріптестер, ірі әншілер, өзге бағытқа, бизнес саласына кетті. Бірақ мен өнер жолынан ауытқымадым. Сөйтіп үкіметтің бұйыртқан бес-он теңгесін қанағат тұтқан жайым бар.

— Осындайда Ермек Серке-

баев ағамыздың дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров інісіне: «Қаршыға айналайын, сенесің бе, мен осы уақытқа дейін үйренумен келдім. Әлі де тырмысамын. Білем қазір қалай ән салуды. Бірақ жасым сексенге келді ғой!» дегені еске түседі.

— Иә, менде де дәл солай. Әлі күнге дейін ізденеміз. Ерекенмен жақын араластым. Менің концертімде сахнаға гүл алып шығып: «Біз қартайдық, міне, енді өнердөкшемізді басқан Қабылаштар жалғастырып жатыр» дегенін ұмытармын ба. Шынында, о кісіге Алла Тағаланың сыйы мол — дарынды да, көрікті де, бәрін берген. Талант та, мінез де, дауыс та бар. Ерекенді дүние жүзінде білмейтін өнерпаз аз-ау. Әсіресе, совет заманында ол орындаған Фигароның ариясын естімеген адам бар ма екен?! Ерекеннің де «сиқыры» асқан еңбекқорлығында еді. Ол айтпаған халық әні, ол орындамаған опера жоқ. Қазақ елінің бакыты ғой. Ермек — өз ғасырында ғажайып биіктерге көтерілген адам.

— Ал өзіңіздің сәттілік сырыңыз неде деп ойлайсыз?

— Операның ариясы деген болады. Арияның бір мағынасы — жеткізуші. Менің де мақсұтым — белгілі шығарманы, шамам келгенше, жан-жүрекпен көрерменге ұсыну. Бұл үшін тереннен шымырлайтын өз мұның, сырын қосылады. Одан соң баяу басталған ырғақ шырқау биікке — кульминацияға баруға тиісті. Ең жоғарғы нота. Егер сен осыны сәтті алып кетсең көрермен көңілінен шығасың. Тыңдаушыңды сүйсінтесің. Ойлантасың. Толғانتасың. Сөз бен ырғақ, дауыс қабысып тұру керек. Алпыс, жетпіс, сексен адамдық оркестрмен сахнаға көтерілу оңай шаруа емес. Дауыстың қай жерде қайтіп дұрыс шығарудың әдіс-айласын жетік білуің шарт. Ересен тәжірибе қажет. Ал консерваторияда не үшін бес жыл оқыдың? Міне, осының бәрі үйлесуге тиісті.

— Әншілікте аша қоймай-тындай жеке құпияңыз болмауы мүмкін емес қой...

— Менде «фокус» деген жоқ. Мен, мысалы, өз құпиямды барынша балаларға беруге тырысамын. Өзім ғана білейін деген болмайды. Білімім мен тәжірибем өзіммен бірге кетуге тиіс емес. 1995 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында сабақ



беремін. Содан бері шамам келгенше жастарды баулып жүрген жайым бар. Негізгі мамандығым сол. Ештеңемді аянғам жоқ. Соны білетін балалар қазір, Құдайға шүкір, өздері ынтығып, маған жазылып келеді.

— Сенімнен шығып, еңбегіңізді ақтаған шәкірттеріңіз бірталай шығар.

— Оқып жатқаны, бітіргені, опера театрында қызмет аткарып жүргені бар — әжептәуір лекті қанаттандырыппыз. Дүбірлі дода-ларда бас жүлде иеленген шәкіртім баршылық. Мәселен, түрлі халықаралық конкурстарда жарқырай көрінген байқау лауреаттары — Расул Жармағамбет, Айдос Иманжапар, Қанатбек Айбек, Бекзат Әбитов, Нұрбол Артықбаев, Диар Нұрсұлтанов, Азамат Малышов, Жомарт Текебаев, Тимур Тілеуқабыл сынды шәкірттерім бүгінде ел мақтанышы. Талдықорғанда, Қызылордада, өзге де қалаларда еңбек етіп жүрген оқушыларым бар. Біздің заманымыз аздап қиындау болғанын айттым. Ең керекті нотаны таба алмайтынбыз. Қазір

үні бар

балалаларға қазақшасы, орысшасы, италиянша... немісшесі бар, бәрін өзім тандап-талғап, дайындап апарып беремін. Студенттер баяғы біздей ештеңені қолмен жазып отырмайды. Менде түгел даяр тұр. Біздің заманда ондай болмады. Айтып отырмын ғой, соны біз бейнеттеніп қолмен жазатынбыз...

— Әлемнің алып сахналарына шығып, небір дүлділ әншілермен партнер болдыңыз. Сонда шет елде қалып қойсам, өрісімді кеңейте түсем деген ой келмеді ме?

— Партия бізді капиталистік елдерге жібермеді ғой. Иә, рас, кезінде Еуропаның социалистік елдеріне, одан Корея, Қытай сынды үлкен мемлекеттерге барып жүрдік. Дегенмен, мүмкіндігіміз шектеулі, аямыз тарлау болды. Ал қазіргі жастар көңілі қаласа сырт құрылықтарға өңірі кетіп жатыр. Кішкене салыстырып қарасам, жастау кезде ешкімнен кем түспепін. Есейе келе өз деңгейінді түсініп отырасың. Ал қазіргі жастарда барлық жағдай бар, қай жерде жаксы мұғалімдер болса, сонда ауыса алады. Бізді қақпайлап отырды. Сәл шашау шықсақ, соңымыздан бір-екі адам еріп жүретін. Бірақ, әйтеуір, қалай дегенмен, шеберлік шыңдау жағынан ешкімнен артта қала қоймағандаймыз. Мысалы, жастау шақта ленинградтық айтулы режиссерлердің бірі: «Хавлаш, саған мейлінше ризамын. Кез келген операны түн ұйқыңды төрт бөліп оятып алса да аныратып айта жөнелетініне сенемін. Әсіресе, «Евгений-Онегинді» дүние жүзінің қай сахнасына барып айтсаң да ешкім ештеңе дей алмайды. Шеберлігіңе тәнтімін» — дегені бар. Құдай біледі, бүгін де Отанымызда жүріп-ақ өзміңі әлемдік әншілерден кеммін деп санамаймын.

— Иә, Қабеке, бұған ешкім шәк келтіре қоймас. Оны мына жатқан фотоальбомдағы суреттердің өзі-ақ әйгілеп тұр. Басқасын айтпай-ақ, төрткүл дүниеге танымал сопрано Любовь Казарновская сынды әншінің әлемдік сахналарға Қабылаш Әбікейұлымен әріптес болып шығуы талай жәйтті аңғартады ғой. Айтқандайын, өзіңізді мол



ақша ұсынып шақырған театрлар болды ма?

— Жоқ, шақыра қоймапты. Әлгінде айтқанымдай, идеология мықты еді. Басшылардың айтқанымен жүрдік. Еске түсетіні, социалистік елдерден келген әншілерді шетелдік көрермен әуелде мешу, кедей жұрттың өнерпазы деп онша менсінбей қабылдайтын-ды. Ал арияны аныратып, жарқырай жөнелгенінде «ах» деп таңдай қағып, ахуалды түсіне бастар еді... Өзім дүние-мүлікке қызықпаппын. Мен қатарлы көпшілік әріптесім қазір сәулетті коттедждерде отыр. Ал мен көп қабатты үйдің үш бөлмелі пәтерін місе тұттым, бірақ ешкімнен кеммін деп ойламаймын. Шүкіршілік. Мәселе ақшада болған жоқ.

— «Опера қазаққа жат өнер» дегенге көзқарасыңыз қалай?

— Иә, жат өнер екені өтірік емес. Бірақ өркениетке ұмтылған жұрт, кішкене, өз-өзін, балаларын тәрбиелеу үшін әсемдікке ұмтылғаны жөн шығар. Қарап отырсақ, Кыргызстан, Өзбекстандағы бұрынғы опера театрлары жабылыпты. Түркіменстанда, тіпті, опера театры болып көрмеген екен. Бұл тұрғыдан алып келгенде, Қазақ елі классикалық шығармаларды сахналауда ешкімнен кем түскен емес. Біздің театр — Орта Азиядағы үлкен театр. Астанада опера театрының ашылуы классикалық өнерге деген бетбұрысымыздың өсе түскенін танытады. Айтпағым, опера — бізде де болуға тиіс өнер. Қазіргі қазақтың білетіні — той. Соңғы бөлен жылда биік өнерді «менсінбеуге» айналыпты. Екі-үш той әні бар. «Фанерщик» қыз-жігіттер жабылып соны айтады. Оны жұртшылық «ойбай, ғаламат!» — деп тыңдайды. Топырлап билейді. Сондайда, осы, күн озған сайын топастанып, қара тобырға айналып бара жатқан жоқпыз ба деп түршігесің. Көпшіліктің музыкалық сауаты төмен. Классикалық өнер дамыды, алайда оны көретін адам аз. Өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын, бала-шағасын тәрбиелегісі келетін адам болса, бұл өнер болуы қажет. Батыстағы өркениетті елдерде опера он бес-он алтыншы ғасырдан бері келе жатыр екен. Қанша мың жыл өтті ғой. Жарамсыз болса, халық оны неге баяғыда ұмытып кетпейді?! Жалғасып келе жатыр. Бетховеннің, бекзада Моцарт... Чайковскийдің дүниелері неге ұмытылмайды? Өйткені, оның арғы жағында бір әсем салмақ жатыр. Ал бізде сол әлемге жоқпаймыз. Түсіңіз де келмейді. Иә, рас, опера тыңдау үшін бір рет барсаң, ештеңе ұға алмайсың. Екінші барғанда: «Ой, мына кісі жап-жақсы нәрсе айтты ғой!» деп елендей бастайсың. Үшінші барғанда мағынасын түсінесің. Төртінші... бесінші, алтыншы мәрте барғанда мәніне бойлайсың. Сондықтан бұған баланы кішкентайынан баулыған жөн. Өркениетті елдерде сондай дәстүр бар. Ендеше бұл — бізге де әбден керек өнер.

ӨМІРДЕРЕК

Қабылаш Әбікейұлы (5.10.1945 жылы туған, Моңғолия, Қобда аймағы, (Бай-Бесік, Байөлке қаласының маңы) — әнші, Моңғолияның халық артисі (1981). София консерваториясын (педагогі — проф. Х.Бромборов) бітірген (1972). Сол жылдан Моңғол опера және балет театрының (Улан-Батор қаласы) құрамында соло-әнші. Театр репертуарынан орын алған моңғол, орыс, итальян, француз композиторларының опералары бойынша әр алуан партияларды орындап, Моңғолияның музыкалық-орындаушылық өнеріне, оның даму жолына үлкен үлес қосты. Мұнда орындаған елеулі партиялары қатарында Онегин, Елецкий, Роберт (П.И. Чайковскийдің «Евгений Онегин», «Қарғаның мәткесі» мен «Иолантасында»), Риголетто, Жермон, Яго (Дж.Вердидің «Риголетто», «Травиатасы» мен «Отеллосында»), Валентин (Ш.Гупоның «Фаустында»), Эскамильо (Ж.Бизеннің «Карменінде»), Фигаро (Дж.Россинидің «Севиль шаштаразында»), т.б. бар. 1992 жылдан Алматы қаласындағы Қазақ академиялық опера және балет театрына ауысты. Театр сахнасында Абай (А.Жұбанов пен Л.Хамидидің осы аттас операсында), Омар (Е.Рахмадиевтің «Амар сұлуында»), Жанбота (М.Төлебаевтың «Біржан — Сарасында») секілді партияларды орындаумен көрермендер көңілінен шықты. Оның концерттік-орындаушылық репертуарының музыкалық шығармалары мол орын алды.

Берлин қаласында өткен Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік 10-фестивалінің лауреаты (1973) және Софья қаласында өткен Жас опера әншілері байқауының дипломанты (1979).

Академиялық лауазымы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокалдық өнер» кафедрасының профессоры. Жоғары білімі туралы дипломында көрсетілген мамандығының атауы мен нөмірі (шифры): «Опералық-концерттік әнші, оқытушы» № 009603 серия ЦК Білімі (жыл, ел, оқу орны): 1967-1972 ж.ж. — Болгар консерваториясы, Жоғары. Жұмыс тәжірибесі: 1.1972-1992 Мемлекеттік академиялық опералық театр, Улан-Батор қаласы 2.1992-2008 Абай атындағы МАОБТ, солист.

Атақ, марапат, сыйлық атауы (ұлттық, халықаралық): 1976 ж. МХР еңбек сіңірген әртісі №616 — 1981 ж. МХР халық әртісі №30 — 2006 ж. ҚР еңбек сіңірген қайраткері №0185 — 2011 ж. Моңғолия үкіметінің «Тәуелсіздік ордені» №02924 — 2016ж. «ҚР-ның Тәуелсіздігіне 25 жыл мерекелік медалі» № 06208 — Болгария үкіметінің 1300 жылдық мерейтойының медалі — 2017 ж. «Ұстаздар ордасы» медалі. — 2023 ж. Ахмет Байтұрсынов атындағы Алтын медальдің иегері.

Ғылыми еңбектері, басылымдар, мақалалар: Кәсіби әншілік өнер «ЭДҚ» ЖШС ӘОЖ 784,4 (547) Алматы, 2004 «Өнермен өрілген өмір» ISBN 978-601-06-2145-9, Алматы, 2012 Біліктілікті арттыру (тәжірибелер, тренингтер, семинарлар, курстар): 1. 1987-1988 ж. София консерваториясында тәжірибелік жұмыс, Болгария. 2. 2011 ж. Сербия халық әншісі Ятич Б. шеберлік кластары. 3. 2012 ж. Ресей халық артисі Н.Нұрмахамбетовтың шеберлік кластары. 4. 2019 ж 11-17 ақпан. 72 сағаттық Женевадағы Жоғары музыка мектебінің «Вокалдық өнер» факультетінің деканы, профессорының және Лион консерваториясының профессоры Марцин Хабеланың «Әлемдік опера және камералық музыканы орындаудың классикалық дәстүрлері мен заманауи үрдістері» тақырыбындағы шеберлік класынан сертификат. Шет тілдерді меңгеруі: моңғол — А1; болгар — А1.

— Операға жаңаша көзқарас дегенді қалай түсінеміз?

— Әрқалай ұғым бар. Кейбір опера түрлендіруге келмес. Мәселен, «Абайды» қайтіп өзгертесің? Мүмкін сахнасын, декорациясын алмастыруға болар. Жаңа заманғы талап деп «Абай» бірнеше рет қойылды. Шетелден де режиссер әкеліп қойғызды режиссура жағынан... Айналып келгенде, қазақ менталитетін өгертпеу қажеттігіне көз жетті. Сол секілді, мысалы, Мұқан Төлебаевтың «Біржан салы» — дүниежүзілік деңгейдегі опера. Одан кейін, жаңа айтқанымыздай, Латиф Хамиди мен Ахмет Жұбановтың «Абай» операсы... Жылда театрымыз осы операмен ашылады... Міне, осыны жаңғыртамын деп Абайға костюм кигізіп қойса, не болар еді? Яғни, ұлттық бояудан ажырауға болмайды. Қазақтың колориті түру керек қой қалайда... Қалай десек те, қоюшының мол білімі, асқан даярлығы керек. Белгілі дүниені қазіргі заманға сәйкестендіріп қою үшін режиссердің тапқырлығы қажет.

— Қазір сахнаға шығып тұрасыз ба?

— Енді ол... Шақырған жер болса, той-томалаққа, концерттік кештерге «қатысып бер» деп шақырып тұрса, барып тұрамыз. Туған-туыс, достар, ағайындар бар... «Аға» деп бір-екі ауыз тілек білдірсе, бас тартпаймыз.

— Хоббиіңіз не?

— Негізгі арманым әнші, күйші болу емес, шопыр болу еді. Жүргізуші бола алмай қалдым деп «қын-жыламын». Алайда, шүкір, қазір

машина айдаймын. Жеңіл көлігіммен күн сайын кептелісте тұрып жұмысқа барып келемін. Әкем марқұм автобазада дәнекерлеуші болатын. Сол кісіге айтып жүріп, жұмысқа кіріп, шопыр болам деп жүргенде Мәдениет басқармасы бүкіл «жоспарды» бұзып жіберді ғой...

— Әншіге ең керекті қасиет қандай?

— Өнерде жүргеніме елу жылдан асты. Өнер адамды көп дүниеге тәрбиелейді. Мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа... Өнер адамдарының ішінен қатал болып кеткен адамды көп естіген жоқпын. Бар да шығар... Дегенмен, олардың басты ұстанымы — мейірімділік. Сондықтан ба, осы күнге шейін біреудің ала жібін аттап көрмеппін. Қиындық көріп жүрген адамға жаным ашып тұрады. Көмектескім келіп тұрады... Бірақ кейде қысқа жіп құрмеуге келе бермейді. Өзінде жоқ дүниені қайдан бере қоярсың. Бірақ қолдан келгенше көмектесуге, қол ұшын беруге ұмтыламын.

Кезінде жақсы қартайған тәуір ағаларымыздың бірі жөнінде «Жетпісінде де жігіттей» деп жазғаным бар еді.

Бүгінге баяғы сыптай келбет, сындарлы болмыспен, кісі қызығатындай сергек қимыл, шалқар шабытпен жеткен байсалды, сыр-баз Қабекенді де сексен жасқа қия алмадық. Айтулы әнші ағаға ұзақ ғұмыр, зор шығармашылық табыс тіледік.

Құлтөлеу МҰҚАШ

«ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІ мен «QAZAQUNI.KZ» ҰЛТТЫҚ ПОРТАЛЫНЫҢ

Жыл адамдары

«Қазақ үні» газеті мен ақпарат агенттігі жыл сайын ұйымдастырып келе жатқан «Жыл адамы – 2025» таңдаулысы оқырман қауымның дауыс беруі мен редакция алқасының шешімі нәтижесінде анықталады.

Сонымен қатар «Қазақ үні» ақпарат агенттігінің әлеуметтік желідегі парақшалары, телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарларымен, яғни, Сіздердің ұсыныстарыңыз арқылы Сарапшылар алқасы анықтау жұмыстарын жүргізеді. Сарапшылар алқасының құрамына белгілі зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері кіреді.

«Қазақ үні» ұйымдастыратын дәстүрлі «Жыл адамы» таңдаулысы – бұл халықтың бағасы!

Сонымен, «Жыл адамы – 2025» номинацияларымен таныс болыңыздар:

ЖЫЛ ДАТАСЫ –

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы. Осынау айтулы мерейтой аясында ұлы ойшылдың рухани мұрасын қайта жаңғыртып, оны жас ұрпақтың бойына сіңірудің тарихи мүмкіндігі. Оның даналығы – халықты бірлікке, адалдыққа, білімге шақырады. Абайдың мұрасы – мәңгілік. Ол – қазақ халқының ғана емес, күллі адамзаттың ортақ қазынасы.

ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ –

2025 жыл Қазақстан үшін инвестиция тарту, халықаралық интеграция және экономикалық даму бағытында аса нәтижелі жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық кездесулері елдің беделін арттырды: Си Цзиньпин, Дональд Трамп, Владимир Путин және басқа да мемлекет басшыларымен өткен келіссөздер Қазақстанның Орталық Азиядағы тәуелсіз геосаяси рөлін нығайтуға септігін тигізді.

Биыл мемлекетке жалпы 70 миллиард долларлық келісімдер келіп түсті. Оның ішінде АҚШ-пен 17 млрд, Қытаймен 15 млрд, БАӘ-мен 5 млрд, Италия-мен 4 млрд, Жапониямен 3 млрд долларлық жобалар жасалды. Келісімдер индустрия, инфрақұрылым, жоғары технологиялар трансфері, энергетика, цифрлық экономика, инновациялар, медицина және уран экспорты сияқты стратегиялық салаларды қамтиды.

Осы бастамалар Қазақстанның экономикалық әртараптануына және технологиялық дамуына айтарлықтай серпін беріп, халықаралық аренадағы рөлін күшейтті. Алдағы жылдары жүзеге асырылатын жобалар жаңа зауыттар, инфрақұрылым нысандары мен қызмет түрлері арқылы халық игілігіне жұмыс істемек. 2025 жыл ел үшін тарихи тұрғыдан табысты, берекелі әрі стратегиялық маңызы зор жыл ретінде есте қалатыны анық.

ЖЫЛ ОҚИҒАСЫ –

футболдан Қазақстан құрамасы мен әйгілі «Реал Мадрид» арасындағы ойын. 2025 жылы отандық «Қайрат» футбол клубы даңқты Реал Мадрид клубымен ойнауы шын мәнінде есте қаларлық оқиға болды. Бұл матчта Реалдың оза шбатыны анық болса да, бұғанасы енді бекіп келе жатқан Қазақстан футболы үшін халықаралық деңгейдегі маңызды қадам.

Ойын барысында мадридтік «Реалдың» әйгілі шабуылшысы Килиан Мбаппенің соққысын тоқтатқан 18 жастағы Шерхан Қалмырза Еуропаның үздік қақпашыларының қатарына кірді.



ЖЫЛ ӘКІМІ –
ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК пен
ҒАБИТ СЫЗДЫҚБЕКОВ

Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбектің басшылығымен Астана Орталық Азиядағы ең серпінді дамып келе жатқан заманауи мегаполиске айналды. Қала төрт бағытта бірдей кеңейіп, тұрғын үй құрылысының көлемі 5 миллион шаршы метрге жуықтады, ал халық саны ресми түрде 1,6 миллионға жетті. Экономикалық өсім де айқын байқалды: 11 айда өңдеу өнеркәсібінің көлемі 2,8 триллион теңгеге жетіп, сауда айналымы 10,8 триллион теңгеден асты, нәтижесінде қала бюджетіне 4,3 триллион теңге салық түсті.

Астана сапалық тұрғыдан да жаңа деңгейге көтерілді. Oxford Economics-тің 2025 жылғы рейтингінде елорданың Азия қалалары арасында 36-орынға тұрақтауы – жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың айғағы. Smart City жобасын жеделдету, жедел басқару орталығын іске қосу және жасанды интеллектке негізделген қауіпсіздік жүйелерін енгізу қаланың технологиялық әлеуетін арттырды.

«Астана әрдайым ауқымды жұмыстардың бастауында тұруға тиіс. Елордамыз басқа аймақтарға барлық жағынан үлгі болуы керек», – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі бүгінгі елорда дамуының нақты бағытын айқындайды. Бұл үрдіс Астананы елдің айнасына айналдырып қана қоймай, болашағы берік, өмір сүруге жайлы мегаполис ретінде орнықтыра түсті.



ЖЫЛ ҚАЛАМГЕРІ –
ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫ.

Жазушы, публицист, аудармашы, сыншы Ғаббас Қабышұлы биыл тоқсан жасқа толды.

Қаламынан жылдар бойы қаншама әзіл-сықақ, әңгіме, хикаят, сын, көркем очерк, көсемсөз, мақала туған Ғаббас Қабышұлы он бес жинақтың авторы екен. Ғаббас «Қазақ үні» газетінің белсенді авторы ретінде көптеген тартымды естеліктер жазып, небір көкейкесті тақырыптарға қалам тартып келеді. Таяуда Ғаббас Қабышұлы Қазақстанның Халық жазушысы атанды.



ЖЫЛ ДЕПУТАТЫ –
АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ.

Асхат Аймағамбетов биыл депутаттық сауалында докторантураға түсушілерге қойылатын талаптарды қайта қарау мәселесін көтерген еді.

Соның нәтижесінде шығармашылық және тілдік мамандықтар бойынша докторантураға түсу талаптары өзгертілді. Енді Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау секілді мамандықтар бойынша оқуға түсу үшін шет тілін меңгергенін растайтын сертификат талап етілмейді.

Сонымен қатар, депутат көтерген мәселердің бірі талантты оқушылар мен олардың ұстаздарын ынталандыру. Нәтижесінде бұл мәселе де шешімін тауып, тиісті түзетулер енгізілді. Енді халықаралық ғылыми байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, сондай-ақ оларды дайындаған педагогтарға біржолғы ақшалай сыйақы беріледі. Сонымен қатар халық қалаулысының халық қолөнер шеберлерін сақтау туралы сауалы да халық арасында үлкен қолдауға ие болды.



ЖЫЛ РЕЖИССЕРІ –
ЕЛЗАТ ЕСКЕНДІР.

Оның «Әбіл» фильмі Франциядағы Vesoul халықаралық Азия кинофестивалінде жеңіске жетіп, үш мәртебелі жүлдеге ие болды: Қазылар алқасының бас жүлдесі, Кино сыншылар алқасының жүлдесі және NETRAS жүлдесі. Фильм кеңес одағы құлаған кезеңдегі қазақ ауылындағы бейберекет өмірді, халықтың рухани күйі мен әлеуметтік қиындықтарын шынайы бейнелеп, халықаралық аудиторияның жоғары бағасына ие болды. Елзат Ескендірдің бұл туындысы тәуелсіздік басталғалы қазақ киносының күрделі кезеңін көркем әрі терең зерттеген ерекше еңбек болып табылады.

ЖЫЛ АКТЕРІ –
ЕРЛАН ТӨЛЕУТАЙ.

Ол осы жылы «Әбіл» фильміндегі басты рөлі үшін Ирландиядағы XIII Silk Road International Film фестивалінде «Үздік актер» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар, Парижде өткен «Франциядағы қазақ киноларының фестивалінде» де дәл осы рөлі үшін жоғары марапатқа ие болды. Ерлан Төлеутайдың өнері отандық киноның халықаралық сахнада танылуына маңызды үлес қосты.



Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбаев қалада экономиканың қарқынды дамып, өңдеу өнеркәсібінің 16,5%-ға өсуіне, 40 ірі жобаның іске қосылуына, 2,5 мың жаңа жұмыс орнының құрылуына мұрындық болды. Қалада инвестиция тарту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шаралары тиімді жүзеге асырылып, жалпы инвестициялық жобалардың құны 4,6 трлн. теңгені құрады. Оның арқасында Шымкенттің әлеуметтік-экономикалық дамуы нығайып, халыққа жаңа мүмкіндіктер мен тұрақты жұмыс орындары құрылды.



**ЖЫЛ МИНИСТРІ –
АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАР.**

Халық саулығын нығайту жолында жүйелі жұмыс жүргізіп, дәрі-дәрмек бағасын төмендету арқылы оның елге қолжетімділігін арттырды. Сондай-ақ алғашқы медициналық көмекті күшейту, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңарту және кадр тапшылығын азайту бағытында нақты қадамдар жасалды.



**ЖЫЛ СУРЕТШІСІ –
ЕРБОЛАТ ТӨЛЕПБАЙ.**

2025 жылы суретшінің 70 жылдық мерейтойы мен 50 жылдық шығармашылығына арналған «Өнерім – ізгілік мекені» атты ірі көрме Ұлттық музейде өтіп, оның өнердегі биік беделін тағы бір айқындады. Әлемнің 38 елінде жеке көрме өткізген қылқалам шеберінің туындылары ұлттық рухты заманауи көркем оймен ұштастырып, қазақ бейнелеу өнерін халықаралық деңгейде танытты.



**ЖЫЛ ӘНШІСІ –
ӘМІРЕ (ЕРНАР САДЫР-
БАЕВ).**

«Славян базарының» жеңімпазы, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты ретінде ол отандық эстраданың биік деңгейін халықаралық сахнада танытып келеді. 2025 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде өткен «Интервидение-2025» байқауында «Дала таңы» патриоттық композициясымен Қазақстанның атынан өнер көрсетті.



**ЖЫЛ РЕКТОРЫ –
БОЛАТ ТІЛЕП.**

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілептің басшылығымен 2025 жылы университеттің академиялық әлеуеті күшейіп, білім беру бағдарламалары жаңғыртылып, педагог кадр даярлау сапасы жаңа деңгейге көтерілді. ҚазҰПУ халықаралық әріптестікті кеңейтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ұлттық білім беру миссиясын ұштастырған жетекші оқу орны ретіндегі орнын нығайтты. Сондай-ақ Абай атындағы ҚазҰПУ еліміздегі ең көп студенттер тандаған жоғары оқу орындарының бірі.



**ЖЫЛ ҒАЛЫМЫ –
ЗАЙНОЛЛА САМАШЕВ.**

2025 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Ол Берел Қорғанын ашып, археология саласына өлшеусіз үлес қосып, ел тарихын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты.

**ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ –
ДАРХАН АРДАҚҰЛЫ.**

Алматыдағы 215 мектептің қазақша болып қалуы үшін зор еңбек етіп, ерлік көрсетіп, қамалып та шыққан. 224 мектептің де қазақша болып қалуына үлкен үлес қосқан қайраткер мұғалім.

2022 жылы Алматыдағы химия-биология Назарбаев зияткерлік мектебіне қазақ бөлімінің



**ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ –
ДИАС АХМЕТШӘРІП.**

Биыл 22 мамырда журналист Диас Ахметшәріп дүниеден өтті. Ол – спорт журналистикасында 25 жылдан астам еңбек еткен танымал журналист. Диас Ахметшәріп сонымен қатар «Qazsport» телеарнасының тұңғыш директоры болды.

Еңбек жолын 1997 жылы Қазақ радиосының репортері болып бастаған. Ұзақ жылдар бойы «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан» телеарнасында спорт журналисі, «Қазспорт» мемлекеттік телеарнасының тұңғыш

озат талапкердердің грантсыз қалғанда дабыл көтеріп, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Исаға хат жазып, ата-аналар мен балалардың видео-үндеуін жолдайды. Ақыры ақын-депутат Қазыбек Исаның араласып, Үкіметтен табанды талап етуімен тек Алматы қаласында ғана емес, еліміз бойынша Назарбаев мектептеріне 187 грант бөлінді.



**ЖЫЛ ДӘРІГЕРІ –
ҰЛДАНА МЫРЗУАН.**

Ұлдана Астана қаласында өзінің қызметтік борышын өтеймін деп қаза тапты.

2025 жылдың 8 қараша күні Астанада көпқабатты тұрғын үйдің сыртқы кірпіш қаптамасы мен кондиционер блогы опырылып түскен. Оқиға салдарынан бес адам зардап шекті, олардың ішінде жедел жәрдемнің екі фельдшері болған.

23 жастағы фельдшер Ұлдана Мырзуан 8 қарашадан бастап жансақтау бөлімінде жатып, ауыр жарақаттар салдарынан көз жұмды.

Марқұм болған елордалық жедел жәрдем станциясының 23 жастағы фельдшері Ұлдана Мырзуан Президент Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Астанада қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы базасында қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан фельдшер Ұлдана Мырзуанның құрметіне мемориалдық такта орнатылды.



**ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ –
ДИАС АХМЕТШӘРІП.**

Биыл 22 мамырда журналист Диас Ахметшәріп дүниеден өтті. Ол – спорт журналистикасында 25 жылдан астам еңбек еткен танымал журналист. Диас Ахметшәріп сонымен қатар «Qazsport» телеарнасының тұңғыш директоры болды.

Еңбек жолын 1997 жылы Қазақ радиосының репортері болып бастаған. Ұзақ жылдар бойы «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан» телеарнасында спорт журналисі, «Қазспорт» мемлекеттік телеарнасының тұңғыш

директоры, Insport телеарнасының бас редакторы болып қызмет атқарды. Олимпиада және Азия ойындарының, Әлем чемпионаттарының спорт шолушысы болған.

2003-2007 жылдары Спорт және туризм істері агенттігінің баспасөз қызметінің басшысы, баспасөз хатшысы, 2010-2012 жылдары «Астана-СК» корпоративтік қорының қоғаммен байланыс департаментінің директоры, 2012-2013 жылдары Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының кеңесшісі, Туризм және спорт министрінің қоғаммен байланыс және БАҚ жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарған.



**ЖЫЛ ҚАЙРАТКЕРІ –
МІРБОЛАТ МЫРЗАТАЙҰЛЫ.**

2025 жылы мемлекеттік тілді заңды түрде талап еткені үшін сотталған Мірболат Мырзатайұлының ісі қоғамда кең резонанс тудырып, азаматтық құқық пен тіл мәселесін өткір күн тәртібіне шығарды. Бұл іске байланысты Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Бас прокурорға бірнеше рет депутаттық сауал жолдап, Мірболатқа араша сұраған жүздеген азаматтың үні билікке жеткізді. Осылайша Мірболат Мырзатайұлы әділет пен мемлекеттік тіл жолындағы қоғамдық қарсылықтың символына айналды.



**ЖЫЛ ЗАҢГЕРІ –
МЕЙІРМАН ШЕКЕЕВ.**

Мейірман Шекеев мемлекеттік тіл мәртебесін қорғау жолында нәтижелі еңбек жасап жүрген білікті, танылған заңгер. Мәселен, жыл соңында ғана бүкіл елдің наразылығын тудырған Алматыдағы «Густо» мейрамханасындағы жағдайға заңгердің өзі араласып, артынша мейрамхана әкімшілігі кешірім сұрап, мемлекеттік тілде қызмет көрсетуден бас тартқан қызметкерін жұмыстан қуған болатын. «Мемлекеттік тілді білуге міндетті емеспін» деген қызметкер артынша елден

кешірім сұрап құтылды. Оған дейін қоғамда үлкен резонанс тудырған Талғардағы Шерзат Полат ісінде де заңгер үлкен рөл атқарды. Қара жамылған отбасының адвокаты ретінде осы істің ашық тергеліп, әділ шешім шығарылуына мұрындық болды.

Сонымен қатар, Мейірман Шекеев 2026 жылды Мемлекеттік тіл жылы деп атау туралы бастама көтеріп, президент Қ. Тоқаевқа үндеу жолдайтынын айтты.

Үнемі ана тіліміздің абыройын асқақтатып, мәртебесін көтеру жолында алдыңғы қатарда тұратын заңгер Мейірман Шекеев «Жыл заңгері» атануға толық лайықты деп санаймыз.



**ЖЫЛ МЕЦЕНАТЫ –
ШАЛҚАР ЖҮСІПОВ.**

Белгілі қаржыгер, КМҒ (KazMicroFinance микрокредиттік ұйымы ЖШС) басқарма төрағасы Шалқар Жүсіпов әлеуметтік және білім беру жобаларына қолдау көрсету арқылы өзінің қайырымдылығын көрсетеді. Атап айтқанда, ол әлеуметтік мәселелерді шешу үшін студенттер мен бизнес өкілдерін біріктіретін ENACTUS Қазақстан бағдарламасына белсенді демеушілік жасайды.

Республикалық қоғамдық наградалар кеңесінің шешімімен «Ұлт Қайраткері» құрметті атағы берілді (2025).



**ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ –
ТЕМІРЛАН АНАРБЕК.**

Алматыдағы чемпиондар лигасына іріктеу ойынында «Қайрат» – Сэлтик футбол командаларының жекпе-жекінде қапашымыз Темірлан Анарбек пенальтиде үш допты кері қайтарды! Бұл футболда өте сирек кездесетін керемет жетістік! Темірлан Қайраттың екінші қапашысы ғана емес, қазақ қапашын қорғап қалған қазақтың бірінші қапашысына айналды. Сонымен қатар ол SofaScore статистикалық порталының рейтингі бойынша да көш бастап тұр.

Қазір біздің қоғамда жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – жаңа мемлекет шаңырағын көтеругізге байланысты халқымыздың мәңгілік тәуелсіздігіне ықпал ететін қоғамдық сана қалыптастыру. Бұл жәйтті көтеріп жүрген азаматтар көбіне қоғам өміріндегі келеңсіз көріністерге наразылық білдіруден, сынаудан аса алмай келеді. Өкініштісі, философия мамандары мен ғалымдар да жаңа қоғамдық сана қалыптастыру мәселесіне бұрынғы кеңес дәуірінен қалған ұғыммен қарап, айтарлықтай жаңалық енгізе алмай жүр. Осы мәселе төңірегінде сөз қозғайтындардың бәріне ортақ қателігі – бүкіл әлемде және қоғамда болып жатқан үдерістерге батыл, терең ғылыми ізденіспен үңіліп жігерлі ой айтудың орнына еуроцентризмнің ықпалынан шыға алмай жүргенінде болып тұр. Біздің қоғамның дамуы батыс елдерінде орын алған адамзат өркениетін құлдырататын саяси, экономикалық, мәдени, рухани, әлеуметтік тәжірибесіне еліктеуден аса алмай келеді. Ал, бұқаралық пікірлерге көңіл аударсақ, қарапайым халық жаңа қоғамдық сананың әлжуаздығын биліктен көреді. Егер шындығына келсек, жаңа қоғамдық сана қалыптастырудағы кемшілік – елдегі экономикалық, саяси, ғылым мен білім беру және әлеуметтік дамудың ұлттық идея негізінде қалыптаспауында. Ел билеу жүйесіндегі ұлттық құндылықтардың ерекшелігін пайдалану арқылы ұлттық жаңғыруды бағытқа алмай, ғылыми негізсіз жасанды интернационализм мен демократия көшіне ойсыз еліктеудің аяғы қоғамды тығырыққа әкелуі мүмкін екенін ұғымыз қажет.

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

Дүниежүзінің тарихи өткен жолына үңілетін болсақ, жаңа қоғамдық сана қалыптастыру әрбір елдің зиялыларының азаматтық борышы екенін көрсетеді. Елінің келешегін ойлаған зиялылар ұлттық мүддені өз мақсатынан жоғары қойып, ұлтының жаңғыруына әкелетін, қоғамдық сана қалыптастыруға қайратын, дарынын, жігерін жұмсайтыны белгілі.

Өкініштісі, қазіргі кезеңде біздің елдегі, кейбір өздерін «зиялымыз» деп санайтындардың әрекетіне назар аударсаң, қара басы мен балаларының қамы, дүниеқорлық пен атак, мадақ қуу маңайынан аспайтынын байқасың. Қала берсе көпшілігі рушылдық, жершілдік психологиясы арқылы арзан беделге ие болумен халықтың бірлігіне, рухани жаңғыруына зиянын тигізіп жүргеніне көз жеткізесің.

Қоғамдық сана – адамдардың саналы белсенділігінің ықпалымен әлеуметтік жағдайға тікелей байланысты қалыптасатын, қырлары көп динамикалық үдеріс. Қоғамдық сана кейбір нормалық жүйелер мен ұсынымдар және теориялардың қоғам өміріндегі сан түрлі ерекшеліктерін біріктіруге бағытталған тұрақты ұғым жиынтығын құрайды. Яғни, қоғамдық сана болмысты бейнелей отырып, сол болмыспен анықталады және әртүрлі көзқарас пен ұғым жиынтығы болғандықтан, өзі де оған ықпал жасай алады.

Қоғам өмірінің табиғи дамуына байланысты қоғамдық сананың қалыптасуына экономикалық, саяси, құқықтық, моральдық (адамгершілік), діни, ғылыми, мәдени (өнер), философиялық, тарихи және экологиялық сана ықпал ететінін әрқашан естен шығармауымыз қажет. Сонымен қатар қоғамдық сана бірнеше типке бөліне-тінінде есте ұстауымыз керек. Олар:

▲ **Топтық сана.** Қоғамдағы таңдап алған бағыт пен идеалдарының мақсаты мен мүддесі үшін топтасуға байланысты сезімнен туындайды (саяси партиялар, қауымдастықтар).

▲ **Таптық сана.** Бұл қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік таптардың өз мүдделері мен мақсаты үшін топтасу сезімінен пайда болады (байлар, саяси элита, кедейлер).

▲ **Ұлттық сана.** Мемлекет құрушы этностың (халықтың) мүддесіне сәйкес өздерінің тарихи қалыптас-

Сондықтан қазақ халқының мәңгі ел болуын қаласақ, ең алдымен тәрбиені егде буын, орта буын өздерінен бастағаны дұрыс болады. Әлбетте, адам болғаннан соң пендешіліктен мүлде арылуымыз мүмкін емесітігі белгілі. Солай десек те, әр адам өзінің кемшілігін өзі түсініп, оны түзетудің амалын іздеп, өз қылығына өзі баға беруді ескергені ләзім. Мысалы, біреулер, тәрбиеге байланысты істерге ауыр болса да өзіне қуат пен жігер беретінін ұғып, бар ынтасымен беріледі. Ал, енді біреулер анда-санда өзінің санасына жақсы, жағымды сөздер мен өнегелі іс ықпал еткенде ғана, ұйқыдан ояңғандай өз істеріне терең оймен қарауға талпыныс көрсетіп жатса, қайсыбіреулердің маңайында болып жатқан қайшылығы мол өмірге көңіл аудармай, өзімен өзі күй кешетіні аян. Бұл құбылыс әр адамға және барлық

ұмытпауға тиіспіз. Біздің қазіргі кезеңдегі азаматтық парызымыз – ұлттық сананы парасаттылықпен дамыту арқылы мемлекетшілдік қоғамдық сана қалыптастыруға ат салысу.

Біздің қоғамда сана қалыптас-тыру жіктеліп: балабақша, мектеп, коледж және жоғарғы оқу орны (ұр-пақ тәрбиесі) деп, ал басқа барлық ересек адамдардың санасына ықпал етуді және жетілдіруді тек БАҚ арқылы билік жүйесі ұғымында қалыптасатын саяси насихатпен шек-теледі. Бұл бізді, тұрақты біртұтас қоғамдық сана қалыптастыратын жүйе жоқ деген сөз. Осы мәсе-ленің шешімін табу үшін біз оның шешу жолын саясаттандырмай, адам санасының табиғи қасиетіне үңілуіміз қажет сияқты. Алды-мен кемшіліктің қайдан өрбитінін ұғымыз қажет. Себебін табатын болсақ қана, кемшілікті түзетуге

мүмкіншілік туатыны түсінікті. Бұл мәселеде адам табиғатына тән сана қалыптасуындағы тәрбиенің нә-тижесін беретін тұтастық (целост-ность) пен бірізділік сақталмаған. Адам санасының негізін қалыптас-тыратын бала санасының алғашқы кірпішін қалайтын отбасындағы ата-ананың рөлі ескерілмеген және қоғамдық сананың дамуына үлкен әсер ететін қоғамдағы аға буынның табиғи жетілетін өзіндік санасының орны бөлектеніп, асыра саясаттан-дыру қалыптасқан.

Әр адамның келешекте қандай болуы олардың ата-анасының қалыптасқан сана деңгейі мен тегіне байланысты. Бұл үрдіс бізде, кеңес дәуірінде қуатты темір тәртіп пен жалған интернационалдық сезім идеологиясы негізінде қалыпта-сып, кейіннен талғамсыз батыстың либералдық идеологиясына еліктеу салдарынан көптеген қиыншы-лықтар туғызғаны белгілі. Осының нәтижесінде тәрбие мәселесінен сананың негізін қалайтын мезгілге (отбасы тәрбиесі) мән бермей және сана дамуын жалғайтын ересектер тәрбиесі түсіп қалған. Адам санасы-ның қоғамдағы табиғи қалыптасу үдерісі өзгеріске ұшырап, қоғамда табиғи жалғасып, қалыптасып оты-ратын (егделер + орта буын + жас ұрпақ) саналық ортақ ұғым жалғас-тығы жойылған.

Ересек адам санасының үнемі жетіліп, дамып отыруы қазіргі тех-нократия мен ақпараттық дәуірдің ғана ықпалы емес, сонымен қатар олардың өмір сүретін ортасындағы

генетикалық ерекшелігі бар тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен және өзі жүрген ортаның ықпалы мен менталитетіне байланысты. Яғни, адамның өмірдегі болып жатқан сан түрлі құбылыстар мен үдеріске байланысты ақпаратты қабылдау қасиеті олардың шық-қан ортасындағы ерекшеліктер-ге байланысты болуы заңдылық. Өкініштісі, біздің қоғамдағы орын алған қазіргі ұғымда жұрттың сана деңгейін оның оқып алған дип-ломымен өлшеу қалыптасқан. Бі-нағыз білімділікті айыра білу мен оны бағалауда кенжелеп қалғанбыз. Қазіргі кезеңде, баланың өз әке-ше-шесін қадірлемеу, жастар үлкенді сыйламау, отбасы тұрақсыздығы (ажырасудың етек жаюы), ел мен жерінің намысынан гөрі өз дәулетін ойлау (дүниеқорлық пен атакқұ-марлық), ар-намысты бағаламау, тәкаппарлық пен талғампаздықты ажырата алмау, білімділікті диплом мен атак жинаумен шатастыру, қарапайымдылықты надандық-тан айыра алмау, адамгершіліктің қалыптасу жолын ұқпау, бабалар рухын құндылығы салт, әдет пен ғұрыпты ескілік қалдығы деп са-нау, тәрбие мәселесінде өнегелі тәлімнің орнын бағаламау, ғылым-ды баю жолы кәсібіне айналдыру, патриотизм мен мемлекетшілдік ұғымды саяси бағытпен шатастыру; діни ұғымның мағынасын терең зерделей алмау, халықтың ғасырлар бойы табиғи қалыптасқан мента-литетінен ажыраудың зардабын зерделеу мен тағы басқадай көп-теген мәселелердің қоғам өмірінде орын алуы пайда болып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайтын шығар.

Біз халқымыздың келешегін ой-ласақ, қоғамдық сана қалыптастыру мәселесін науқанға айландырмай, аптықпай, өмір шындығын терең зерделеп, өткен бабалардың адам-гершілік пен арлылықты қалып-тастыратын өнегесі мен адамзат өркениетінің тиімді жетістіктерін талғаммен ұштастырып пайдалана-тын ғылыми негіздегі жолды таң-дауымыз қажет. Сонда ғана қазіргі қоғам өміріндегі көптеген теріс ұғымдар мен кемшіліктер жойыла-ды. Мысалы, жемқорлықтың пайда болу негізі қоғамдық санада жат-қаны белгілі. Оны қоғамдық сана түзелмей ешқандай қатал заңмен жою мүмкін емес. Бір мысал, елінің намысын қорғап, мемлекетшілдікті адамдардың санасына енгізудің ор-нына, өз пікірін білдіруді азаматтақ борышы санайтын біраз азаматтар-дың батысқа еліктеуі салдарынан, саналы қарым-қатынастар жасауға тәрбиелі білім деңгейі жетпей, ұл-тының ұйысып бірігуіне нұқсан келтірулері орын алып жүргені де жасырын емс. Олар, мемлекеттің даму үдерісіндегі кемшіліктерді түзейтін тетіктерін жетілдіру жо-лын көрсетіп, соны бірігіп келісе отырып шешудің орнына даңғаза-дақпыртпен арзан бедел жинауға дағдыланған. Бұл жағдай, олардың билікпен әрекет жолдары бөлек болғанымен, өзінің мақсаты (азғана топтық мүддесі үшін күрес емес) халқының мүддесін қорғау мен ұлттық мемлекетті нығайту болу керектігін ұқпау салдарынан болып отырғаны айтпаса да түсінікті.

Бізге қазіргі кезеңде сөз емес, өнегелі іс қажет. Баршамыз өз мүмкіншілігімізді осыған жұмсаға-нымыз абзал. Бұл – бәріміздің ата-бабалар аруағы мен келешек ұрпақ алдындағы борышымыз.

Болат ДҮЙСЕМБІ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
Алматы



ИТОГИ 2025 ГОДА: МУДРОСТЬ ЗМЕИ ОБЕРЕГАЕТ КАЗАХСТАН

Как известно, 2025 год прошёл, согласно Восточному календарю, под знаком Зелёной Деревянной Змеи, что обещало время мудрости, интуиции, глубоких трансформаций и осознанности, благоприятное для обучения, запуска долгосрочных проектов и пересмотра целей, призывая к терпению, гибкости и стратегическому планированию.



ДИНАМИЧНЫЙ РОСТ ВВП И РЕКОРДНЫЙ УРОЖАЙ

И подводя итоги 2025 года для Казахстана, нужно вспомнить, что Деревянная Змея — символ мудрости, гибкости и финансовой устойчивости. К тому же год Змеи обещал быть насыщенным событиями, связанными с законодательством и переменами.

И в самом деле, наша страна добилась финансовой устойчивости, начала реформу второй ветви власти — законодательной и продолжила кардинальные перемены. Ведь ныне пришло время повысить эффективность законотворчества: если в 2022 году были проведены сокращения полномочий президента, то сейчас приступили к парламентской реформе.

8 сентября, в своём Послании народу, президент Касым-Жомарт Токаев предложил упразднить Сенат и перейти к однопалатному парламенту, оставив только Мажилис. По сути, речь идёт о серьёзной политической реформе, которая должна сделать законодательную власть более эффективной и ответственной. Это не просто технический шаг, а перестройка архитектуры всей политической системы.

По масштабу эти изменения сопоставимы с принятием новой Конституции, что подчёркивает их историческую значимость и перспективу политических реформ. Ведь по словам президента, реформа затронет не только структуру парламента, но и разделы Конституции, касающиеся президента, правительства и других институтов.

Что же касается финансовой устойчивости и стабильности, то в этом году был рост активов Нацфонда, а это позитивный знак движения к финансовой стабильности.

Глава Нацбанка Тимур Сулейменов сообщил, что с начала 2025 года валютные активы Нацфонда увеличились на \$4,8 млрд, инвестиционный доход — на \$8,2 млрд. Сулейменов отметил, что золотовалютные резервы Нацбанка увеличились на 35,5% до \$62,1 млрд, активы Нацфонда — на 8,1%, составив \$63,6 млрд.

В целом 2025 год для Казахстана был очень благоприятным и во внутренней, и внешней политике. Достаточно сказать, по данным МВФ, в 2025 году показатель ВВП в Казахстане составил \$14,77 тысяч на душу населения, что выше, чем у России (\$14,26 тысяч) и Китая (\$13,69 тысяч). При

этом ожидается, что он превысит отметку в \$15 000, что является историческим максимумом для страны и лучшим показателем в Центральной Азии и СНГ, опережая Россию и Китай.

Экономика демонстрирует уверенный рост, а драйверами являются промышленность, строительство, транспорт. Также следует отметить привлечение рекордных объёмов прямых иностранных инвестиций (более \$30 млрд) и рост промышленного производства (6,9% за 7 месяцев).

Итоги 2025 года в Казахстане характеризуются укреплением экономического суверенитета, цифровизацией госуправления, реформами в социальной сфере и образовании. И основные усилия направлены на реализацию поручений Президента и адаптацию к глобальным вызовам, включая фискальную устойчивость, говорят отчёты МВФ и Всемирного банка

При этом наблюдается дина-



мичный рост ВВП (более 6%) во многом благодаря несырьевому сектору, обрабатывающей промышленности и инвестициям в основной капитал (+13,5%). В итоге ВВП Казахстана к концу 2025 года превысил \$310 млрд, составив около 60% экономики Центральной Азии. Прогнозируется, что к 2029 году ВВП достигнет \$450 млрд.

Отрадно, что в Казахстане второй год подряд собирают рекордный урожай зерновых — около 27 млн тонн. Кроме того, в текущем году получен рекордный урожай бобовых культур в объёме 1 млн тонн и масличных — 4,7 млн тонн.

В 2025 году было уделено особое внимание социальной сфере, в частности проведены Год рабочих профессий, реформа технического и профессионального образования, реализуется курс на цифровизацию и модернизацию образования (привлечение 23 зарубежных университетов), повышены пенсии (на 8,5%) и социальные выплат, изменены черты бедности.

В целом 2025 год стал периодом интенсивной реализации стратегических реформ, направленных на диверсификацию экономики и повышение благосостояния граждан, в условиях сохраняющейся экономической и геополитической неопределённости.

Также необходимо отметить рост конкурентоспособности нашей страны: подъём в мировых

рейтингах (34-е место), особенно в сферах эффективности бизнеса и инфраструктуры.

СБАЛАНСИРОВАННАЯ МОДЕЛЬ ВНЕШНИХ СВЯЗЕЙ

В последние годы активизировалась международная деятельность президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, участились его зарубежные поездки, встречи и телефонные переговоры с главами государств, его мирные инициативы стали звучать на различных международных площадках, с ним советуются, его приглашают на важные мероприятия.

Международные встречи главы государства Касым-Жомарта Токаева с Си Цзиньпином, До-



нальдом Трампом, Владимиром Путиным и т.д. способствовали закреплению Центральной Азии как самостоятельной геополитической единицы, а Казахстан становится одним из ключевых архитекторов новой региональной дипломатии, где основой выступает предсказуемость и устойчивость внешней политики.

В этом году Казахстан подписал с Организацией Объединённых Наций Соглашение о создании Регионального центра ООН по Целям устойчивого развития для Центральной Азии и Афга-



нистана со штаб-квартирой в Алматы. Это важное достижение не только для нашей страны, но и для всего региона.

Президент Токаев выступил с предложениями по реформированию ООН, особенно Совета Безопасности, на юбилейной сессии Генеральной Ассамблеи.

Если говорить об Астане и Пекине, то это свидетельство образцовых отношений, которые Касым-Жомарт Токаев сформулировал как «стратегические и всепогодные», а Си Цзиньпин добавил, что они не зависят от перемен в мировой политике. Как подчеркивают аналитики, такое отношение ясно показывает: нынешний уровень казахско-китайских связей уже давно вышел за рамки дипломатического этикета.



Этому способствует и рост рекордного товарооборота между нашими странами — \$44 млрд, в то время как объём инвестиций за последние 20 лет составил свыше \$27 млрд.

Это не переориентация, а выстраивание сбалансированной модели внешних связей. Регион продолжает развивать взаимодействие с Китаем, Россией, США и ЕС и одновременно расширяет экономические и технологические каналы, минимизируя зависимость от любого единственного центра силы.

Соединённые Штаты перешли от символического присутствия в ЦА к предметному партнёрству, прежде всего, в сферах критических минералов, транзита, инфраструктуры и технологий. Это делает отношения более рациональными и взаимовыгодными.

Делегация РК возвратилась из Вашингтона с порт-фолио новых амбициозных соглашений на сумму \$17 млрд. И это самый понятный индикатор результативности визита, говорящий о том, что мы выходим на новый стратегический уровень работы в экономическом плане.

До этого, во время прошлого визита, на полях Генеральной Ассамблеи ООН, Казахстан и США заключили договор о приобретении грузовых локомотивов в США на сумму более \$4 млрд.

Благодаря стратегическому партнёрству с США открываются

такие как продовольственная безопасность, а также показывает положительную экономическую динамику (рост ВВП, инвестиций), повышая свою конкурентоспособность в мире и становясь лидером в Центральной Азии, что усиливает его авторитет.

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ И КАЗАХСТАН

Успехи Казахстана включают рост привлекательности для инвестиций, развитие водной дипломатии и укрепление позиций в глобальной повестке устойчивого развития, что подтверждается повышением места в рейтингах конкурентоспособности. Имеет большое значение заключение соглашений с соседями (Кыргызстан, Узбекистан) по управлению трансграничными реками (Шу, Талас, Сырдарья).

Итоги 2025 года для Казахстана и Центральной Азии — это устойчивый экономический рост, лидерство Казахстана по доле в регионе и качеству жизни, фокус на диверсификации экономики, цифровизации и «зелёной» энергетике. При этом Узбекистан, Кыргызстан и Таджикистан демонстрируют высокие темпы роста, а общая региональная инфляция снижается, несмотря на локальные вызовы.

В итоге Казахстан укрепил свои позиции как экономический и политический центр Центральной Азии, проводя успешные реформы и привлекая инвестиции.

Международная деятельность Казахстана в условиях турбулентности направлена на сохранение многовекторности, укрепление суверенитета через участие в ООН, развитие региональной интеграции (ЦА, ЕАЭС, ШОС) и транзитно-логистического потенциала, обеспечение мира и стабильности через многостороннюю дипломатию, а также диверсификацию связей для минимизации санкционных рисков и поддержания экономической устойчивости, используя своё стратегическое положение и ресурсы.

Ещё на IV Консультативной встрече глав государств Центральной Азии в июле 2022 года президент Касым-Жомарт Токаев заявил о политике ЦА в переломный период нарастающей международной напряжённости: «В условиях геополитической турбулентности и неустойчивости мировой экономики наша встреча демонстрирует сплочённость стран Центральной Азии, свидетельствует об общем стремлении к совместному противостоянию новым вызовам и угрозам. Всестороннее сближение наших государств обусловлено велением времени и полностью отвечает коренным интересам братских народов».

В журнале «Мысль» опубликована статья о том, что рядом западных аналитических центров, в частности немецким аналитическим центром SWP, специализирующемся на международных отношениях и вопросах безопасности, Казахстан назван «средней державой».

Глава государства Касым-Жомарт Токаев также посвятил этому известную статью о роли средних держав, в которой отметил гибкость Казахстана, которая позволяет успешно ориентироваться в сложных дипломатических ландшафтах и прокладывать пути к компромиссу и примирению: «Даже не имея такого глобального влияния, как мировые сверхдержавы, такие страны, как наша, обладают эко-



ИСКУССТВО ДИПЛОМАТИИ «СРЕДНЕЙ ДЕРЖАВЫ»: О ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ПРЕЗИДЕНТА К. ТОКАЕВА

номической мощью, военными возможностями и, что, возможно, важнее, политической волей и дипломатическим мастерством, необходимыми для значительного влияния на глобальной арене по вопросам продовольственной и энергетической безопасности, зеленого перехода и ИТ, а также устойчивости цепочек поставок».

Казахстан в последнее время активно проявляет себя на мировой арене именно как «средняя держава», в числе которых немецкие специалисты отметили, помимо Казахстана, и такие страны, как Турция, Израиль, Египет, Саудовская Аравия, Индия, Индонезия, Эфиопия, Кения, Южная Африка, Мексика и Бразилия.

Знаковым в этом отношении явилось приглашение главы Белого дома Дональда Трампа на Саммит «С5+США» в Вашингтон, который состоялся 7 ноября 2025 года. Данный популярный и утвердившийся в мировой практике ныне формат «С5+» становится свидетельством повышенного внимания со стороны крупных и весомых держав к региону Центральной Азии и особенно Казахстану как наиболее важной и экономически сильной стране региона.

В данный момент ЦА представляет для американского лидера самостоятельный интерес как достаточно стабильное пространство с крупными природными и развитыми человеческими ресурсами, интересными для инвестирования и налаживания активных торговых отношений.

В геополитическом смысле ЦА и Казахстан в числе стран региона являются важным полем для новой «Большой игры» между крупнейшими мировыми силами — Западом, Россией и Китаем.

Президент Казахстана в своей внешней политике поступательно отстаивает перспективу для новой роли ЦА. Достаточно вспомнить его глобальную инициативу о формировании в Алматы Центра Устойчивого развития ООН по нашему региону, а также ряд продуктивных инициатив взаимодействия с ведущими партнерами, позволяющими заинтересовать их в конструктивном развитии, расширении и углублении сотрудничества с регионом.

Речь идет о продолжении взаимодействия Казахстана на Евразийском треке, участии страны

в китайской инициативе «Пояс и путь», формировании региональной системы безопасности (СВМДА), сотрудничестве с ЕС по программе Global Gateway и др.

После Саммита в Вашингтоне сотрудничество Казахстана с США наполнилось рядом новых прагматичных инициатив и направлений взаимодействия, что позволяет говорить о «новой эпохе сотрудничества» с главной державой мира, в которой США могут стать для региона Центральной Азии «новым вечным двигателем», о чем достаточно убедительно говорил наш Президент в Вашингтоне, демонстрируя уникальные возможности Казахстана и инвестиционные предложения для «выгодных сделок» с США, к которым так неравнодушен американский лидер.

В этом ряду стоит особо отметить Авраамские соглашения, которые являются «детисцем» Дональда Трампа на Ближнем Востоке еще в период первой каденции, свидетельствующем о его неистребимом желании стать «миротворцем № 1» в мире. Думается, предложение Касым-Жомарта Токаева принять участие в числе первых на данном этапе в этом Соглашении между Израилем и мусульманскими странами, к которому ранее присоединились Объединенные Арабские Эмираты, Бахрейн и Марокко в 2020–2021 годах, является важным, символически комплиментарным шагом навстречу Дональду Трампу и в поддержку его инициатив, что создало самый благоприятный дипломатический фон для заключения других прагматичных «сделок» в интересах Казахстана.

В этом заключается исключительное дипломатическое чутье нашего Президента, нашедшего свой «ключ к сердцу» американского лидера, известного своим нравственным характером.

Вообще, участие в миротворческом движении далеко за пределами своих границ, является показателем авторитета и проявлением особых возможностей «средних держав», к которым, как уже отмечалось, относят и Казахстан...

Если же говорить о сухом остатке бонусов от визита в США, то речь идет о достаточно серьезных инвестиционных проектах на сумму свыше 17 млрд долларов. До этого, во время прошлого визита,

на полях Генеральной Ассамблеи ООН, Казахстан и США заключили договор о приобретении грузовых локомотивов в США на сумму больше 4 млрд долларов.

Казахстан при поддержке американского бизнеса диверсифицирует свой инвестиционный портфель, балансируя растущее инвестиционное влияние Китая. Важным для нашей страны является наметившееся практическое разрешение вопроса об отмене поправки Джексона-Вэника 1974 года (к Закону о торговле США), ограничивающей торговлю со странами, препятствующими свободной эмиграции своих граждан и нарушающими другие права человека). Эта поправка является анахронизмом по признанию и самих американских экспертов, поскольку была принята еще во времена Советского Союза и Холодной войны, к тому же принятой в отношении уже несуществующего государства.

Было принято стратегически важное решение о совместной разработке месторождений редкоземельных металлов с американскими компаниями, имеющими опыт и технологии по их извлечению и использованию, поскольку Казахстан не имеет подобных возможностей и может благодаря этому в перспективе использовать их для самостоятельного участия в мировой конкуренции изделий для высокотехнологичной продукции.

Согласно данным геологической службы США, в Центральной Азии зафиксировано 384 разведанных залежей месторождений редкоземельных металлов, из которых 160 приходится на Казахстан, 87 — на Узбекистан и остальные на другие страны региона. Данное стратегическое сырье является весьма привлекательным объектом инвестирования, за который в мире сегодня разворачивается серьезная конкуренция.

Благодаря стратегическому партнерству с США открываются и серьезные подвиги в практической реализации проекта «Срединного коридора» в обход санкционной России, соединяющего емкие рынки Китая и ЕС, а также Ближнего Востока.

Предполагается, что открытие маршрута через страны Южного Кавказа, перспектива которого наметилась после заключенного соглашения между Азербайджаном

и Арменией при посредничестве Дональда Трампа, сделает возможным налаживание транспортного сообщения на этом треке и в интересах Казахстана тоже. Думаю, что заинтересованность таких крупных мировых игроков, как Китай, США, ЕС, Турция в бесперебойном и безопасном движении грузов по «Срединному маршруту» является сама по себе весомой гарантией стабильности и безопасности как региона в целом, так и Казахстана в частности.

Таким образом, американский вояж Президента Казахстана в значительной степени укрепил международное реноме страны, как стратегически важного и самостоятельного субъекта, «средней державы», с которой считаются глобальные центры силы.

Эту перемену о роли Казахстана в мире мы заметили и во время последовавшего затем визита нашего Президента в РФ 12 ноября 2025 г. Первый государственный визит Касым-Жомарта Токаева в эту страну соответствовал наивысшему уровню дипломатического протокола между государствами.

Помимо подписанной Декларации о переходе межгосударственных отношений РФ и РК на уровень всеобъемлющего стратегического партнерства и союзничества, которая состоит из 42 пунктов и охватывает все стороны взаимодействия, в кремлевской резиденции Владимира Путина состоялась неформальная закрытая встреча «за чашкой чая» двух президентов. Этот уникальный формат «прямых консультаций» позволяет говорить о том, что Казахстан «выходит из прежней тени Кремля», обладая необходимым «запасом прочности и влияния», подкрепленным поддержкой лидеров современного мира — Китаем и США — в интересах мира и процветания в Евразии, где Казахстан может сыграть важную роль в новой конфигурации мироустройства.

Было замечено и изменение риторики журналистского и экспертного пула «рупоров Кремля» в отношении Казахстана, которые в один голос отмечали возросшее влияние нашей страны на пространстве Большой Евразии, не смотря на прежнюю критическую и предвзятую оценку позиционирования нашей страны.

Важно, что российская сторона подтвердила исполнение

прежних договоренностей по строительству первой атомной электростанции в Казахстане и выделение необходимых инвестиций и предоставление новейших технологий строительства и обслуживания, по подготовке специалистов высокой квалификации, совместному освоению космоса, стабильному транспортно-логистическому взаимодействию, приграничному и технологическому сотрудничеству.

Таким образом, взаимоотношения между прежней метрополией и суверенным Казахстаном переходят в новое качество равноправного партнерства с сохранением союзнических отношений в разнообразных экономических проектах и структурах.

Особо знаковым для понимания дипломатии Президента К.-Ж. Токаева стал последовавший 14 ноября текущего года государственный визит в Узбекистан и дальнейшее участие главы Казахстана в VII Консультативной встрече глав государств ЦА в Ташкенте.

Стало еще более очевидным, что для наиболее крупных стран региона — Казахстана и Узбекистана — Центральная Азия является опорным и приоритетным регионом внешнеполитических устремлений, экономического сотрудничества и культурной идентичности. Президенты двух стран приняли участие в заседании Высшего межгосударственного совета Казахстана и Узбекистана, запустив 7 совместных проектов на сумму 1,2 млрд долларов.

В процессе совместного участия в Консультативной встрече глав государств региона, было принято важное решение о присоединении к формату Азербайджана, которое значительно расширяет не только географию, но и существенно усиливает функционал взаимодействия, имея в виду значительно возросший международный авторитет Азербайджана, экономический и военный потенциал этой страны, а также перспективу продвижения интересов стран региона на Южном Кавказе.

Считаю, что данное институциональное сближение с ключевым государством Южного Кавказа отвечает задаче Казахстана по углублению своего статуса «средней державы», выходящего за рамки только региональной политики.

По мнению Президента Казахстана: «Центральная Азия сейчас проходит период масштабной трансформации. Можно с уверенностью сказать, что время закрытых границ и изоляции осталось позади. Достигнутая общими усилиями внутренняя сплоченность региона открывает перед нашими странами широкие горизонты развития и международного сотрудничества. Важная роль региона в глобальных процессах признается ведущими государствами мира. На этом фоне растет интерес к формату «ЦА+». Текущий год показателен в этом плане, учитывая прошедшие саммиты с основными зарубежными партнерами. На мой взгляд, главные задачи такого партнерства заключаются в укреплении стабильности в регионе и создании условий для устойчивого прогресса, обеспечения благополучия и достатка наших стран и народов. Наша цель — укрепить статус Центральной Азии как региона динамичного социально-экономического развития, всестороннего сотрудничества, мира и процветания».

ООН ВПЕРВЫЕ ОТМЕТИТ ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

Пятнадцатого декабря международное сообщество впервые отметит Всемирный день тюркских языков – об этом сообщается на сайте UN News. Соответствующее решение приняли на прошедшей в ноябре в Самарканде Генеральной конференции ЮНЕСКО. В организации считают это важным шагом на пути к признанию языкового разнообразия, обогащающего общее человеческое наследие.



Выбор даты символичен и имеет глубокий смысл. Пятнадцатого декабря 1983 года датский лингвист Вильгельм Томсен объявил об

успешной расшифровке алфавита Орхонских надписей – одного из старейших известных письменных источников. Надписи были созданы древними тюрками в VIII веке нашей эры в Орхонской долине, на территории современной Монголии и обнаружены в 1889 году.

Достижение Томсена дало бесценное представление о языковой традиции, которая сегодня связывает десятки общин по всей Евразии.

ЯЗЫКОВАЯ СЕМЬЯ, РАСПРОСТРАНЕННАЯ НА РАЗНЫХ КОНТИНЕНТАХ

ЮНЕСКО подчеркивает, что языки, принадлежащие к тюркской языковой семье, такие как,

среди прочих, азербайджанский, казахский, киргизский, турецкий, туркменский и узбекский, являются родными для более чем 200 миллионов человек на территории площадью около 12 миллионов квадратных километров.

Богатое документальное наследие на тюркских языках, а также яркие устные традиции разделяют более 10 государств.

ПРОДВИЖЕНИЕ МНОГОЯЗЫЧИЯ И КУЛЬТУРНОГО ДИАЛОГА

С инициативой отмечать Всемирный день выступили Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Турция и Узбекистан. Ее поддержала 21 страна.

Объявив 15 декабря Всемирным днем тюркских языков, ЮНЕСКО подчеркивает важность языкового сотрудничества, культурного сближения и диалога между цивилизациями.

Инициатива призвана укрепить



международное сотрудничество в области лингвистических исследований, образования и культурного обмена. ЮНЕСКО отмечает, что этот день будет способствовать проведению масштабных научных исследований и развитию глобального диалога, направленного на сохранение тюркских языков.

Начиная с 2025 года, во Всемирный день тюркских языков будут проходить различные культурные

и академические мероприятия, в том числе выставки, посвященные языковому наследию, лекции и публичные дискуссии, литературные и поэтические вечера.

Всемирный день тюркских языков – важный шаг на пути к признанию языкового разнообразия, обогащающего наше общее человеческое наследие.

UN NEWS

СТРАТЕГИЯ ТУРЦИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ – ВЗГЛЯД ИЗ РОССИИ

15 декабря войдет в историю как дата первого празднования Всемирного дня тюркских языков. Это решение было принято на 43-й Генеральной конференции ЮНЕСКО. Корреспондент «Независимой газеты» отмечает, что инициатива принадлежит президенту Турции Реджепу Тайипу Эрдогану, который продвигает внедрение единого тюркского алфавита. В качестве демонстрации этого амбициозного проекта Тюркская академия представила знаковые литературные произведения – «Слова назидания» Абая Кунанбаева и «Белый пароход» Чингиза Айтматова – в переводе на общетюркский алфавит.

«Выбор даты символичен и имеет глубокий смысл, – сообщила Служба новостей ООН. – 15 декабря 1983 года датский лингвист Вильгельм Томсен объявил об успешной расшифровке алфавита орхонских надписей – одного из старейших известных письменных источников.

Надписи были созданы древними тюрками в VIII веке нашей эры в Орхонской долине, на территории современной Монголии, и обнаружены в 1889 году. Достижение Томсена дало бесценное представление о языковой традиции, которая сегодня связывает десятки общин по всей Евразии».

Напомним, президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган в ходе 12-го саммита Совета глав ОТГ выступил с предложением, направленным на усиление культурной интеграции, в том числе через внедрение единого тюркского алфавита. Его поддержали лидеры Азербайджана, Казахстана, Узбекистана и Киргизии. Еще 21 страна поддержала эту инициативу на 43-й Генеральной конференции ЮНЕСКО, проходившей в Самарканде 1–13 ноября 2025 года.

Объявив Всемирный день тюркских языков, ЮНЕСКО подчеркивает важность языкового сотрудничества, культурного сближения и диалога между цивилизациями. Во Всемирный день тюркских языков будут проходить культурные и академические мероприятия, в том числе выставки, посвященные языковому наследию, лекции и публичные дискуссии, литературные и поэтические вечера.

Правящая партия Турции – Партия справедливости и развития (Ак Парти) представит уникальный документ «Видение тюркского мира», в котором будут отражены механизмы сотрудничества, политические и экономические цели.

Уникальность его в том, что это будет первый политический текст, написанный с использованием единого тюркского алфавита.

Ранее Тюркская академия продемонстрировала возможности нового алфавита. Академия выпустила экспериментальные издания великих представителей тюркской литературы – Абая «Слова назидания» и Чингиза Айтматова «Белый пароход» – на едином тюркском алфавите. «Эти издания представляют собой живое воплощение культурного единения тюркского мира», – сказал в интервью агент-



ству АЗЕРТАДЖ президент Тюркской академии, академик Шаин Мустафаев. По его словам, этот шаг призван укрепить языковое и духовное родство, облегчить взаимодействие и способствовать совместному культурному развитию. Он напомнил слова Эрдогана о том, что «общий алфавит – это путь к укреплению нашего единства».

Помимо алфавита, Тюркская академия активно реализует 40 научных проектов по изучению истории, языка и культуры тюркских народов. В текущем году издано 50 книг, включая «Историю тюркских стран», разрабатываемую по поручению глав государств.



«Очевидно же, что переход на общетюркский алфавит призван не только и не столько упростить коммуникацию между тюркскими народами и укрепить культурное сотрудничество, сколько активизировать политику дальнейшего отрыва именно Казахстана и Киргизии от России, а в перспективе вместе с ними и

Экспертов также беспокоит появившаяся информация о новой инициативе Турции – о переименовании Центральной Азии в Туркестан. Как заметил Александр Кобринский, если Центральная Азия – это регион, то Туркестан – это уже провинция.

«Турция намерена ввести термин «Туркестан» в международный оборот. Почему мы молчим по этому поводу? Я еще могу понять причины участия в ОТГ – для поддержания определенного баланса, для сохранения дипломатических отношений с Турцией, но позволять использовать себя в чужих геополитических играх – недопустимо», – заявил кандидат философских наук, бывший первый министр обороны Киргизии Мурат Бейшенев в рамках круглого стола: «Внешнеполитические итоги года Кыргызстана: от коллективной безопасности до тюркской интеграции», организованного ЦЭИ «Ой Ордо».

В рамках мероприятия также было отмечено, что форсированное внедрение в систему образования и медиасферу ЦА пантюркистских идей чревато утратой киргизским культурным пространством самобытности и перспектив развития по самостоятельному пути. Анкара намерена сформировать в ЦА и Азербайджане новую политическую и религиозную элиту, которая будет рассматривать Турцию в качестве главного идеологического ориентира. С этой целью, в частности, реализуется задача по замещению «советского наследия» пантюркистскими традициями и

нарративами. Для этого лоббируется корректировка школьной программы путем включения в нее «единых тюркских» учебников. В подобной литературе внимание акцентируется на ложном тезисе о якобы повсеместном ущемлении Москвой прав тюрков «на протяжении веков», вымарываются достижения Киргизии советского периода, принижается вклад киргизского народа в дело Победы над фашизмом, проводятся попытки реабилитировать басмачей, участников Туркестанского легиона СС и т.д. «Лицемерность такого подхода проявляется в том, что, декларируя «братство тюркских народов», Анкара на деле продвигает туркоцентричный нарратив, в котором для центральноазиатских тюркских народов зачастую предусмотрена второстепенная роль», – считает Бейшимов.

Кроме этого, под руководством турецких военных ведется создание единой карты тюркского мира. Первое заседание состоялось еще год назад (см. «НГ» от 07.10.24). Генерал-майор Осман Альп Министрства национальной обороны ТР заявил местным СМИ, что карта станет мощным символом и инструментом укрепления тюркского единства, исторических связей и культурного взаимодействия.

На первом этапе планируется базовая географическая карта, которая должна отражать и географию, и рельеф местности, и места залежей полезных ископаемых, логику, военные и гражданские инфраструктурные объекты, стратегически важные предприятия, государственные учреждения и транспортные узлы в рамках региона.

Дальнейшие детали проекта, включая возможное включение российских территорий, и его потенциал для военного сотрудничества остаются предметом спекуляций. В целом Турция активно использует подобные инициативы для продвижения идеи общего тюркского пространства под своей эгидой, формируя единую идентичность на основе транслируемых ею ценностей.

Виктория ПАНФИЛОВА

АҢЫЗ АКТЕРДІҢ ЕКІНШІ ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ

СССР және Қазақ ССР Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әйгілі актер, режиссер, педагог әрі сценарист Асанәлі Әшімов сексен тоғызға қараған шағында өмірден озды. Ол ұзақ шығармашылық ғұмырында отыздан аса кино, елудей театр рөлін сомдапты. Тамаша өнер саңлағының көрерменге ерекше танылған экран кейіпкерлері қатарында Бекежан, Шадиаров, Қаражал, ал ұлттық драма театры сахнасында бейнелеген Керім, Кебек, Еламан, Айшуақ, Жарасбай, Қодар, тағы басқа көптеген айшықты образдары бар.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ өнері айдынында қайталанбас колтанба қалдырған кесек тұлға, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақындарына көңіл айтты.

— Асанәлі Әшімов бүкіл саналы ғұмырын театр және кино саласына арнап, төл мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образдарды шебер сомдап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сахна саңлағы әрі кәсіби киногогер ретінде соңына өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтастықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өрелі өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Әшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде сақталады, — деп жазылған жеделхатта.

Сондай-ақ ҚР Премьер-министрінің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева асқар шың, жарық жұлдыз Асанәлі Әшімұлының қазасына орай ұлт өнерінің төлқұжатына айналған

актердің туған-туысы қайғысын бөлісіп, жұбату сәлемін жолдады. Онда:

«Ұлт руханиятының абыз ақсақалы, қазақ мәдениетінің алып тұлғасы Асанәлі Әшімов ағамыз келместің кемесіне мініп, бақиға аттанды. Барша Алаш жұртына, ағамыздың әулеті мен ағайын-бауырларына, шәкірттеріне қайғыра көңіл айтамын. Көзі тірісінде-ақ аңызға айналған Асанәлі ағамызбен бірге тұтас бір дәуір өткендей. Ерек талантымен, кәсіби шеберлігімен қазақ өнерін бір биікке көтеріп, қалың қазақтың қадірлісіне айналды. Көпжылдық еселі еңбегі үшін Президентіміздің қолдауымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды» — деді Аида Балаева. Сонымен қатар ол әйгілі актердің ешкімге

ұқсамайтын ерекше тұлға болғанын атап өтті:

«Мен де ағамызбен етене жақын араласып, сыйлас-сырлас болдым. Әкемнің көзін көріп, дәмдес болғанын жиі айтып отыратын. Айналасына қамқор, кісілігі мен кішілігін сақтаған, жүрегі кең жан еді. Бар ғұмырын қазақ театры мен кино өнерінің өсіп-өркендеуіне арнап, соңында соны соқпақ, өшпес із қалдырды. Көптеген талантты жасқа қолдау көрсетіп, үлгі-өнеге болды. Асылдардың көзіндей, алыптардың сөзіндей болған өнер қайраткерінің жарқын бейнесі мәңгі жадымызда сақталары сөзсіз. Ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын! Рухы пейіште шалқысын!» — деді вице-премьер.

ЕЛ АЛДЫНДА ЕР БЕКЕЖАН БОЛЫП ҚАЛДЫ...

ҚАЙСАР ЧЕКИСТ ҚАСЫМХАН
БЕЙНЕСІ КӨЗДЕН КЕТПЕЙДІ

Аты аңызға айналған алып өнер тарланы Асанәлі Әшімов ағамыз да өмірден өтіпті... Алла алдынан жарылқасын! Күрделі тұлға еді... Тағдырдың тартуын, салғанын да, салмағын да көтерді. Асыл жардан, қос ұлдан айрылу жауыңа тілемейтін ауыр қайғы еді... Өмірдің сын сағаттарында сыр білдіріп алғаны да рас... Екі дәуірде де айтқаны болды-айдағаны жүрді. Өнердің алтын дәуірінің аяғы, алыптардың соңғы тұяғы еді...

Елдің көз алдында ер Бекежан болып қалды. Қайсар чекист Қасымхан Шадиаров бейнесі көзден кетпейді...

Иә, «Қыз-Жібек» киносы сән-салтанатымен, даңқымен қазақ даласын дүбірлетіп жібергенде көшеде кездесіп қалған кемпірлер кинодағыдай Бекежанның бетіне түкіргені талай жазылды. Бұл нағыз образды ойып тұрып күшті сомдай білгеннің өмірдегі көркем көрінісі еді... Өз рөлін керемет шынайы орындағаны сонша, кейде маған Асекең Бекежан рөлін емес, өзін ойнағандай көрінеді...

2011 жылы болу керек, ұлы ақынымыз Мұқағалидың 80 жылдығына Қарасазға бардық. Сонда Асанәлі Әшім ағамызды отбасымен және белгілі қоғам қайраткері, қаламгер Марат Токашбай үшеуімізді қонауға бір үйге түсірді.

Сонда Бағдат жеңгеймен танысып, Асекеңе «Біздің үйдегі келініміз де жазиралы Жаркент өңірінен» дегенімде: «Ой, жақсы болды ғой, жұмсайтын жас бажа табылды» деп рахаттана қолғен еді. Асекең сол күні түнімен өнер туралы, өзі қолына су құйған Шәкен Аймановтай алыптар жайлы, театр-кино саласындағы өз басынан өткен әңгімелерді айтып шыққан еді...

Соңғы рет осы жазда арынды ақын Бақыт Беделхан бауырымыздың 50 жасқа толған тойында көрдім. Бір үстелде отырдық. «Бажалар чатын ашайын деп жатырмыз, басында өзіңіз тұрасыз» деп әзілдегенімде, «жарайды» — деп күлген бетпейді...

Тоқсанға бір-екі жас жетпей кетіпті...

Отбасына, ұлына, Бағдат жеңгемізге, туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Қазақ өнеріне көңіл айтамыз.

Пейіште рухы шалқи бергей.

Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА,
ақын

ҚАЗАҚТЫҢ ТАҒЫ БІР АБЫЗ ҰЛЫМЕН ҚОШТАСТЫҚ...

Арамыздан ардақты Асанәлі, аяулы Асекең... Қазақтың Марчелло және Джеймс Бонды, Бекежаны мен Доктор КА... Қасымханы да кетті. Ерулан бауырымыздың арқасында отыз жылдан аса қызмет бөлмелеріміз бір қабатта болып еді. Асанәлі ағамыз екеуіміз түскі ас мезгілінде немесе арагидік түннің бір уағына дейін шахмат ойнап, преферанс сызушы едік.

Иә, тағдыр жолдары мен тірлік сахнасында әріптес болған аға-достарымыздың қатары біртіндеп сиреп барады. Көзінің тірісінде Асекеңе арналған «Шахмат» деген өлеңімде осынау сирек дарынға деген ниетімді біршама кестелген де сияқтымын.

Ойыма сонау 1976 жылғы бір көрініс оралады. Режиссер Эмиль Лотянудың «Мой ласковый и нежный зверь» аталатын фильм арқылы тәжірибелік сынақтан өту үшін Мәскеуге жүруім керек-тін. Аяқ астынан менің рулас бауырым Эрик (Ермұхан) Бекмаханов қонырау соға қалды. Біреулерден менің Москваға шыққалы жатқанымды естіп қалса керек, «Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы! Танисың ба сен мені, — мен қазақтың баласы!» деп басталатын өлеңнің орысша нұсқасын ала келуімді өтінді. Өте қажет болып тұр еді. Қолыңнан келеді ғой, мүмкін өзін аударып берерсің

дейді. Одан: — Е, айтпақшы, онында Олжекеңе бір көрсетіп алшы. Мұны киноның қоюшы-режиссері Эльдор Уразбаев өтініп сұрап отыр, — деп сөзін жалғады.

Бірден Олжас Сүлейменовке бардым да, Ермұханның сәлемін жеткіздім. Ұстазым көп кітаптың арасынан Қасым Аманжоловтың «Дүниеге жар» деген өлеңін тауып алды да, сәл ойланyp отырып: «О бескрайняя степь, Ты взгляни на меня. Я — былинка твоя, Сын казаха я!» — деп тез аударды. Сөйтіп жүзіме жымыя қарайды:

— Жаман емес сияқты ғой, ә? Қалай ойлайсың?..

— Сөз жок. Керемет!

— Онда жолың болсын. Сәт сапар!

Қысқасы, Мәскеуге келген соң фильм түсіріліп жатқан Рига вокзалынан Эрикті тауып алып, қолына Олжастың аудармасын ұстаттым. Міне, ғажайып өнер туындылары ұялы телефон, айпат, электрондық пошта дегендер түске кірмейтін заманның өзінде-ақ осылайша жасалып жататын-ды. Асекең ғажап ойнаған «Транссібір экспресі» картинасы, ондағы Нонна Терентьева мен Олег Видов, осынау детективтің сәнін келтіріп, мазмұнын тереңдеткен өзге де дарынды актерлер есте шығар. Тіпті, жұртшылық жапон барлауы резидентінің рөлін сомдаған

біздің Ларик Сонның да кескінін ұмытпағаны даусыз. Ал қазақ әнінің нәшін келтірген Шәкен Айманов ағаның даусын қалай ұмытарсыз! Александр Калыгин дыбыстаған Олжастың әлгі бір шумақ аудармасының әсері қандай, ә! Міне, өнер сикыры деген де осы емес пе! Рас, дауыс жазар кезде Олжекеңнің «Бескрайняя степь» деген сөзі «Великий мир...» деп редакцияланды.

Асанәлі ағамды ойласам, оның сол фильмде күн еңкейген шақта туған жер төсінде әскери киіммен адымдай басып кетіп бара жататын сәті елестейді. Жанұшырып Қасымхан көкесіне жәрдемдесу ниетімен жүрдек отарбамен жапсарласа атпен құйғытқан Наталья Аринбасарованың кескіні келеді көз алдыма...

Эрик Бекмаханов менің тілалғыш «шабарман» ретінде тапсырмасын дер кезінде орындап бергенім үшін Рига вокзалындағы кино массовкасына қатыстырып, екі-үш күндік түсірілім үшін қаламақымды еселеп төлеткізіп беріп еді. О кезде сырт елде жүрген жиырма бестегі жігіт үшін бұл қаражаттың қаншалықты маңызды болғаны түсінікті шығар.

Хош бол, қадірлі Асанәлі-аға! Жатқан жерің торқа болсын...

Бақытжан ҚАНАПИЯНОВ,
ақын

ДӘУІР КӨШІП БАРАДЫ...

Қабырғамыз сөгілді. Көз жасымыз төгілді. Жүрегіміз езілді. Ел-жұрты егілді. Алаш аспаны бір сәтке аласарды. «Қараңғы түнде тау қалғанды»... Бұл қайғы — халықтың қайғысы болғанда басқаша қалай деуге болады? Дүниеден бір дәуір көшіп барады.

Көзі тірісінде аңыз-абызға айналған, танымалдылығы төрткүл дүниенің түпкіріне жеткен, Алаш атын аспандатқан, Аймановтардың аманатын алға апарып, арманын асыра орындаған Асанәлі Әшімұлы — Бекежан баһадүр бұ жалғанның есігін жылы жауып, өзі жиі жазып, жиі айтатын сағынышқа айналған самородок — сары алтындарына аттанды.

«Әлі талай мың өліп, мың тірілерсін» деуші еді жанындай жақсы көрген досы Оралхан. Күні кеше ғана жарық көріп, тұсауы кесілген «Актермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты кісілік кітабы соңғы акку әніндей болған екен. Сәбит досы екеуі «біз айтып кетпегенде, кім айтады?» деп кітап жазудан жарысқа түсіп еді. Артында тағы да беті ашылмай қанша кітапқа арқау болар алты дәптер қалды.

Тәңірден оған талант берілді. Сан қырлы, көл-көсір талант. Оған ғана тән тартымдылық, тектілік көп кісінің бойынан кездеспейтін еді. Ол жұртты өзінің дарын қуатымен мойындата тұра, сол дарын атрибуттары былайғы өмірінде де сәтті жалғасып, тәңті етіп жататын. Ойынында бір фальш жоқ, оның қалжыңында да халтура болмайтын. Ол жағымпаз, жасанды емес, жасампаз ғұмыр кешті.

...«Егемен Қазақстанға» «Жаңа өзен оқиғасы туралы мақала беріңіз»

деп қыштағанда: «Мен «маскүнем, нашақор» деп айыптағанға түп-тамырымен қарсымын, мен халық артисімін, қашанда халық жағындамын, халық өз құқын талап етті» — деумен шектелдім» деп жазды соңғы кітабында кинода да, сахнада да қайта тумас қаһарман кейіпкерлерді сомдаған Асаға. Иә, ол шынында халық артисі еді. Ол отырған жердің бәрі жарқырап кететін. Ат шаптырым үлкен залдарға, ғимараттарға әкім-қаралар кіріп келе жатқанда селт етпейтін халық, оны тік тұрып қарсы алатын. Көшеге шыға қалса, жұрт кес-кестеп жүргізбейтін. Халықтың құшағында болған, шексіз сүйіспеншілігіне бөленген мұндай тұлғалар аз да емес, көп те емес. Солардың қатарындағы саналы санаткердің бірі еді ол. Түнеу жылдары оның басына қара бұлттай қаптаған қайғыны еңсерген де сол халықтың өлшеусіз құрметі еді.

«Өнердің жаны — құштарлық, жауы — іштарлық» деп өткен ол қашанда осы ұстанымынан айнымады. Басқасын былай қойғанда, «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі» — трилогиясы ұлт руханиятының тарихында мәңгілікке қалатыны алғаусыз ақиқат.

Асағанның кластасы, досы Октябрь әкеміз «Асанәлінің төбесін көргеннен бар екенбіз ғой, бар екенбіз деп шүкіршілік етемін» дейтін еді. Бұл сөздің қазақ аманда әлі талай айтылатынына, айтыла беретініне шүбә жоқ.

...Ол енді биіктей береді.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы

Қазақ күресінің қайраткері, Оңтүстіктің айбатты ері, Мырзашөлдің мырзасы Бақыт Жаңбырбайұлы дүниеден өтіпті. Алла алдынан жарылқасын! Биыл ғана көктемде есімі елге белгілі ер көкеміздің жемісті 75 жасқа толғанын тойлап едік. Көптен бері қатерлі аурумен ауырып жүрсе де, сырбаз қалпын сақтап, сыр білдірмейтін. Бақыт Жаңбырбайұлы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР Құрметті спорт қайраткері, «ФИЛА» Халықаралық Күрестер қауымдастығының «Алтын қыран» орденінің иегері, аса жоғары дәрежедегі халықаралық төреші, Түркістан облысының Құрметті азаматы, Жетісай және Мақтарал аудандарының Құрметті азаматы.



ӨМІРДЕН ЖЕҢІЛМЕЙ ӨТКЕН ЕР ЕДІ...

Б.Жаңбырбайұлы атында 2020 жылға дейін 24 халықаралық деңгейдегі жарыс өткізіліп, оның барлығында дерлік темір тұлпар тігіліп, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей сынды көрші мемлекеттерден балуандар катысып, бақ сынап, сый-сияпатқа ие болғанын халық жыр кылып айтады.

Бақыт Жаңбырбайұлы 2004 жылы Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында 112 мемлекет қатысқан симпозиумда Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының құрылуына мұрындық болады. Әлем жұртшылығының басын қосқан осынау ауқымды іс-шарада қазақ күресін дүниежүзіне таныстырып, дүниежүзілік күрес одағына кіруіне ықпал етеді.

Қазақ күресінің дамуының басы-қасында жүрген ол 11 рет Азия чемпионатын, 8 рет әлем чемпионатын өткізуге септігін тигізді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Бақыт Жаңбырбайұлының талай дүбірлі додаларда шашасына шаң жұқтырмаған шәкірттері ел мақтанышына айналып, ұстаз абыройын асқақтатып жүр. Облыстық жастар құрамасында талай болашақ чемпиондарды тәрбиелеп шығарды. Кезінде қазақтың түйе палуаны атанған, кейін Спорт министрлігінде басшылық жұмыстарда істеген есімі елімізге белгілі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, аса жоғары дәрежелі халықаралық төреші, спорт серкесі Серік Түкиев Бақыт Жаңбырбайұлының қол астында шыңдалған балуандардың бірі. Сонымен бірге еркін күрестен Қазақстанның төрт дүркін чемпионы болған Ерубай Намазбаев, КСРО Қарулы күштерінің чемпионатында топ жарған Юрий Аккермани, Өзбекстанның 7 мәрте чемпионы болған Константин Мелтиди және ағайынды Бақытбек пен Бауыржан Махамбетовтер секілді спорт сандактары білікті бапкердің бағына айналған балуан шәкірттері.

90-шы жылдары Бақыт ағамыз көлік апатына түсіп, екі жыл алты ай төсек тартып жатты. Сол кезде ол өзінің рухы мықты екенін көрсетіп, асқан ерік-жігерінің арқасында қайта қатарға қосылып, атқа мініп кетті.

Жаратылысынан қуатты Бақыт Жаңбырбайұлы қоғамдық-саяси жұмыстардың да бел ортасында жүрді. 2015-2017 жылдары Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының Жетісай ауданындағы өкілі болып, абыройлы қызмет атқарды.

Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясының бастамасымен елдің ынтымақ-бірлігін сақтау мақсатында көптеген іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар, партияның қолдауымен жастар мен жасөспірімдер



арасында қазақ күресінен халықаралық додаларды өткізіп жүрді. Тек өз ауданында ғана емес, облыстағы Отырар, Ордабасы және т.б көптеген аудандарда қазақ күресінен дүбірлі жарыстарды өткізді.

Өткен ғасырда, 1996 жылы белгілі кәсіпкер-меценат, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткер Ислам Әбіштің демеушілігімен менің тұңғыш кітабым «Керімсал» жарық көрді. Еліміздің жанадан Тәуелсіздік алғандағы қиын-қыстау кезең еді. Қазір де оңай емес, ал ол кезде кітап шығару бір ақырет болса, оны тарату одан өткен қиямет еді.

Исекеңнің кеңесімен туған жерім Мырзашөл өңіріне аты дүрілдеп тұрған Бақыт Жаңбырбай көкемді іздеп, кітап өткізуге бардым. Ол көкеміз 1960-шы жылдары Киров ауданы «ХХ партсъезд» совхозында әкеміз Жарылқасынмен бірге тұрған, інісіндей болып кеткен еді. Өзі балуан болғанмен, қазақ поэзиясын кез келген әдебиетші мұғалімнен жақсы білетін, көрнекті қазақ ақындарын жатқа оқитын Бақыт көкеміз мені құшақ жая қарсы алды. «Аты дүрілдеп тұрған мақта зауыттарының қожайындарының бәрі өзіңнің көкелерің болады» деп, Мырзашөлдің мырзаларының бәріне алып барды. Осы өңіріндегі үш аудан басшыларымен, мақта зауыттары мен шаруашылық басшыларына алып барып таныстырды. Аты белгілі асаба Бақыт

көкеміз менің өлеңдерімді нәшіне келтіріп тұрып, жатқа оқып, мақтауымды асырып таныстырғанда, «осы кісі шынымен мен туралы айтып тұр ма?» деп ойланып қаласың. Тарландар Тойым Жүніс, Омарбек Нұржан, Ибадулла Үмбетай, Ережеп Қанай, Айдархан Өтен, Салдар Жамал, Кенжехан Төлебай, Кенжебай Мамыт, Таңат Үмбетай, Әділхан Ескара, Ағман Сабырхан, Пердеш Есенбек, Сәкен Сейтім секілді есімдері елге белгілі ағаларымызбен сол жолы таныстық. Кейін Омарбек көкеміздің таныстыруымен Өзбекстанда аудан басқарып, парламент депутаты болған Бегім Серік ағамызбен де диалог-судың сәті түсті. Жыр жұлдызы Жұматай Жақыпбайдың жырға қосқан досы, елімізге есімі белгілі акын Әлібек Мейірбек сол кезде аты шығып тұрған кәсіпкер-меценат ағамыз Батырхан Төлебайға ертіп алып барды. «Батырхан бауырым, сен кітаптарын шығарып беріп жүрген республикадағы акын-жазушыларың жүздікке кірсе, Қазыбек Иса үздікке кіретін дарынды акын» деп, әдемілеп таныстырды ағамыз. Батекен де аңқылдаған атпал азамат екен, жақсы жәрдем беріп, қолдау көрсетті.

Сонымен сол кездегі мақта зауыттың басшылары алып барған 1,5 мың кітабымды пышақ үсінен бөлісіп алды.

«Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, көкемнің көмегіне қатты риза болдым. Кейін Алматыға келгенде жақсылап құрметтеп, қонақ етіп, Алаштың арынды ақыны Ғалым Жайлыбай бастаған біраз қаламгерлермен таныстырдым. Ғалекен де қазақ ақындарын жатқа оқитын, ақынжанды, ер көңіл Бақыт Жаңбырбайды бірден ұнатып, үйіне қонаққа шақырып, екеуі біраз бірге жорыққа шығып жүрді... Бақыт көкеміз кейін Ғалымның да өлеңдерін жатқа айтатын болды.

Қай кезде де елдің жақсылығының ортасынан табылатын ақкөңіл ағамыз Шардара ауданы Қызылқұм ауылындағы қарашаңырағымызда талай болып, інілеріміздің тойында ақ тілектерін ақтарды.

2021 жылы ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты ретінде Түркістан өңіріне жұмыс сапарымен барғанымда Жетісай, Мақтарал аудандарындағы елмен кездестік.

Сонда Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, белгілі бапкер Бақыт Жаңбырбай мен туралы кеңінен айтып, «Қазыбектің әке-шешесі осы өзіміздің өңірде, бұрынғы Киров (Асық ата) ауданы «ХХ партсъезд» кеңшары, қазіргі Қызылқұм ауылдық округі Алғабас ауылында тұрған, әкесі Жарылқасын көкеміз мақта майталманы болып, еңбек еткен, ел тарихын, жазушыларымызды жақсы білетін зерек кісі еді» деді. Елдің бір түкпірінде қалған, айналасындағы аудандарды қосқанда 500 мыңдай халық тұратын Мырзашөл өңірінің орталығы Жетісайға темір жол мен әуежай салуға ықпал етуін сұрады. Бұл маңызды мәселені Мақтарал ауданындағы кездесуде ел ағасы, акын Пердеш Есенбек те көтерді.

Жиын соңында Жетісай ауданының Құрметті азаматы, белгілі спорт қайраткері Бақыт Жаңбырбаевқа спорт саласындағы жемісті еңбегі мен қоғамдық-саяси өмір-

ӨМІР-КҮРЕС

*Қазақстан Республикасының
Еңбек сіңірген жаттықтырушысы,
Халықаралық дәрежедегі төреші,
қазақша күрестен Қазақстанның,
Өзбекстанның, Орталық Азияның
бірнеше дүркін жеңімпазы, Түркістан
облысының және Жетісай, Мақтарал
аудандарының Құрметті азаматы
Бақыт Жаңбырбайұлына*

*Тура келген апатқа бұл жоқ айла,
Тар төсекке таңылдың сен көп айға...
Боз кілемде ойнақтаған балуанға,
Бозарып-ақ жату деген оңай ма?
Қайрауында жігер менен намыстың,
Сегіз жүз күн аурумен алыстың.
Рухыңды түсірмедің жыр оқып,
Әр ақыннан алып жаның әр ұшқын...
Білектің жоқ...
Жүректің көп дірілі...
Сазға бөлер Сабырханның сыры, үні...
Толғатады Төлегеннің жыры ұлы.
Қадыр қайрап,
Мұқағали мұңдасып,
Сезім шайқар Тұманбайдың тұңғысы...
Тағдырымен тайталасып тірескен.
Ақын жанды ең жүрегінен жыр ескен.
«Өмір күрес» дегендей-ақ, өр аға,
Бақытыңды таптың ақыр күрестен.
Келісті ерден кете қоймас бақ көшіп...
Талай тарлан шәкірттерің жатты өсіп.
Алыс-жақын жатыр бүгін шапқылап,
Атыңдағы жарысқа да ат қосып...
Қажымұқан қайрат берген қалыңда,
Нағыз бапкер атандың сен нар тұлға.
Талай тойда қызмет еткен асаба ең,
Тамашаңды тойлауда енді халқың да...
Жемісін де төгеді ағаш жерінде,
Сенімге ие серкесің ғой елінде!
Кілемде де көрмең едің жығылып,
Өмірде де ешуақытта жеңілме!*

Қазыбек ИСА
1995 жыл

дегі белсенділігіне, атқарып жүрген еңбегіне алғыс білдіріп, «Ақ жол» демократиялық партиясы мен Қазақстан тарихшылары қауымдастығының «Қазақ хандығына 550 жыл» мерекелік медалімен марапаттадық.

Бұл теміржол мәселесін біз сол кезде «МЫРЗАШӨЛ ӨҢІРІНЕ ТЕМІРЖОЛ мен ӘУЕЖАЙ КЕРЕК?»-деген тақырыппен республикалық баспасөзде, «Қазақ үні» газетіне жариялап, Үкіметке жолдаған едік. 2023 жылы күзде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Түркістан облысында ұзындығы 152 шақырым болатын Дарбаза – Мақтарал жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды. Ол 2026 жылы толық аяқталады. Теміржолмен бірге қапталдас төрт жолақты асфальт жол болады. Яғни, Бақыт көкеміз тапсырған ел аманаты нәтижелі орындалуда.

«Дүние жалған» дегендей, есімі елге белгілі ел ағасы, Қазақ күресінің қайраткері, абзал азамат, ардақты ағамыз Бақыт-жан Жаңбырбайұлы бақи дүниеге бағыт алып барады...

Оның жарқын бейнесі, жасаған жақсылығы оны құрметтейтін жандармен бірге жасай береді.

«Жемісін де төгеді ағаш жерінде, Сертке берік серкесің ғой елінде! Кілемде де көрмең едің жығылып, Өмірде де ешуақытта жеңілме!» — деп, осыдан 30 жыл бұрын жазғанымыздай, өр ағамыз өмірден жеңілмей өтті!

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Түркістан өңірі, ордалы Оңтүстік халқына, еліміздің спорт саласына көңіл айтамыз.

Алды пейіш, арты кеніш болғай.

Иманын жолдас, жатқан жерін жайлы етсін!

Қазыбек ИСА,
акын, ҚР Парламенті Мәжілісі
депутаты, Қазақстанның Еңбек
сіңірген қайраткері.

23 желтоқсан, 2025 жыл.

Бүгін, міне, ҚР Президенті Қ.Тоқаев аты аңызға айналған ақиық батырымыз Бауыржан Момышұлына «Халық Қаһарманы» жоғары атағын берді. Бұл бүкіл халықтың 80 жылдан бері күтіп жүрген әділдік үшін берілуі тиіс атақ еді...

ҚАҒАРМАН

ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «Кеше Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толды. Даңқты қолбасшының нағыз ерлік жолы елімізбен қатар, шетелдерде өте танымал. Халқымыз оны қаһарман тұлға ретінде құрмет тұтады. Бірақ әйгілі батырға ресми түрде «Халық қаһарманы» атағы берілмеген. Облыс жұртшылығы, зиялы қауым өкілдері, тіпті, жастарымыз да осы мәселені көтеріп жүргенін білеміз. Тарихи әділдікті қалпына келтіруіміз керек.

Сондықтан мен Мемлекет басшысы ретінде Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қойдым. Батырдың есімі нағыз отаншылдық пен өшпес ерліктің символы ретінде әрдайым көпке үлгі-өнеге болуға тиіс.

Баукеннің ерлігі жай аңыз емес, бұл — нақты құжаттармен дәлелденген, Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар мойындаған сөзсіз ерлік.

Елге ерлігімен танылған, еңбегі сіңген азаматтарын бағалай білген жұрт ешқашан ұтылмайды» — деп жазды.

Аллаға шүкір дейік! Бахадүр батыр Баукеннің пейіште рухы шалқи бергей!

Ал кеше ғана, 2025 жылдың 24 желтоқсан күні қаһарман батырымыз Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына арнап белгілі қоғам қайраткері, дипломатияның дүлдүл ардагері Сайлау Батыршаұлы ағамыз салтанатты дастархан жайған еді. Оған елімізге белгілі тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткері Сағынбек Тұрсын, экс-сенатор Т.Симамбай, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары Қазыбек Иса, Болат Керімбек, Ұлтық қауіпсіздік комитетінің отставкадағы генералы Сейітбек Қойбақ және тағы басқа зиялы қауым өкілдері қатысты.

Бүгінгі ақ түйенің қарны жарылған сүйінші хабарды естігенде, кешегі ақжолтай дастархандағы ақ тілектеріміз періштенің құлағына шалынған екен ғой деп ерекше қуандық.

Биыл көктемде екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңіске 80 жыл толған 9 мамыр күні ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошанов бастап, парламенттегі 6 партия фракциясы өкілдері қостап, аты аңызға айналған Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойдық.

Баһадүріміз Бауыржан Момышұлының өзі бүгін ғана, екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл, өзінің туғанына 115 жыл толғанда «Халық Қаһарманы» атанып отыр. Батыр Баукеннің өзі кезінде екі рет ұсынса да, қан майданда қайтпас ерлік көрсеткен майдандас серігі, ержүрек батальон командирі Мұхамедқұл Исламқұловқа да «Кеңес Одағының батыры» атағы берілмей қалды.

Мұхаметқұл Исламқұлов қан майданда ерлікпен қаза тапқанда «Көзсіз ер еді!» — деген Бауыржан Момышұлының жаны күйзеліп жазған «ЕР СЕРКЕСІ» атты толғауы сол соғыс кезінің өзінде 1942 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды.

Кеш те болса, батыр Мұхаметқұл Исламқұловтың қан майдандағы ерлігіне лайықты «Халық қаһарманы» атағын беру жайында елдің бас газеті «Егемен Қазақстан», бастап, «Қазақ үні» қостап, көптеген басылымдар 25 жылдан бері қаншама жазғанымен, ол бастама өкінішке орай орындалмай келеді...

Мектептің 6 сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы Б.Момышұлының «Жауынгер тұлғасы» атты әңгімесі мен көптеген

Біз өткен ғасырда, 1979 жылы Алматыға оқуға келгенде батыр Бауыржан Момышұлы бар еді... Қаһарманға жолығу, қолын алу біз үшін орындалмаған арман болып қала берді...

Студент кезімізде бірінші Бауыржанға нешінші Бауыржан екендері белгісіз ҚазҰУ-дың сайыпқырандары Үсенов пен Омарұлы, Светкали Нұржан мен Нүсіп Әбдірахымдар барып жолығып, мерейлері тасып келгендері есімізде. Бізді қаһарманға жолықтыратын олардың кураторы, жазушы-ғалым Мамытбек Қалдыбайдай мықты ағаларымыз болған жоқ. Әлгі төрт досымызға қандай бақытты деп қызығып карап жүрдік. Аты аңызға айналған батырмен қалай кездескендері туралы талай әңгіме айтқызып, әр айтқанда бірінші рет естіп отырғандай, қызыға тыңдай беретін едік. Бұл 1981 жылы 19 желтоқсан күні болған керемет кездесу туралы сол кездегі студент, бүгінде ҚР Ұлттық академия академигі, Президент кеңесшісі Бауыржан Омарұлы кезінде «Бірінші Бауыржан» деп қатырып тұрып естелік жазған. Светкали да келістіріп әдемі өлең жазды.

Содан көп ұзамай жазда Баукең де дүниеден өтті. Қазақ аспанынан жай түскендей болды. Өмірге келген адам кететінін Баукең қайтқанда білгендей болды. Тура Қазақстанның Ресейге «өз еркімен қосылуының» 250 жылдығы тойланып жатқан 1982 жылдың 10 маусымы күні бақиға бет түзеді. Атағы да, шатағы да көп батырдың Қазақстанның Ресейге қосылуын тойлаған күні соған көрсеткен қарсылығындай мәңгілік сапарға кете қалуын жактырмай, әрі қорыққан кеңес билігі бұл қазаны халықтан жасырып, екі-үш күн кейін жариялағаны белгілі...

Сонда Алматыда үш жыл жүріп, батыр Баукенді бір көре алмай қалғанымызға қатты өкініп, қайғырып отырып жыр жазған едім.

Енді міне, Ұлы Жеңіс күні Астана төрінде қаһарлы Қаһарманның өзін көрмесек те, ескерткішіне тағзым етіп тұрып, 1982 жылы жазылған «Қаһарман» атты осы жырымды «Қазақ үні» газетіне жариялағанмын.

Бір қызығы, сол 43 жыл бұрын Баукеннің қазасына арнап жазылған өлеңімнің тақырыбын «Қаһарман» деп қойған екенмін. Иә, шын мәнінде батырға Қаһарман атағын халық бағғыда беріп қойған еді.

Енді бүгін — сол 80 жыл бұрын халық берген атақтың ресми құжатталған күні! Ел тілегін орындаған мемлекет басшысы Қа-



ҚАҒАРМАН

Бауыржан Момышұлына

Тірлігімен танылатын тіршілік,
Ессіз жүріп естіп хабар бір суық.
Есін жиып алды дағы кенеттен,
Жіберді ауыр күрсініп...
Қара жерді қанатымен қайғы алып,
Басып қалды бауырынан байланып.
Ода жазбақ боп отыр ем ойланып,
Көз алдымда кетті дүние айналып.
Көре алмай да қалдым сені жүргенімде жайланып...
О, сұм ажал, көзсіз еді мұншама,
Жүргендей-тін жүрексініп біршама.
Қарсы алдында қалтыраған шығар ол,
Сыр білдірмей тұрса да...
Байғұс ажал берекесін алып тым,
Сынай қарап мырс еттің де, марғау кейіп таныттың.
Тұлғасына Бауыржандай алыптың,
Тар екенін көрсетіп ең тірліктегі қалыптың,
Тар екенін көрсеттің сен қандайы да табыттың!
Махаббатын жамылып ап халықтың,
Ақбоз атпен ағып бара жаттың сен.
Қапасқа емес,
Қақпасына тарихтың...

Қазыбек ИСА
1982 жыл

сым-Жомарт Кемелұлына халықтың алғысы шексіз.

Баһадүр Бауыржан Момышұлы қазақ халқымен бірге мәңгі жасай береді.

Қазыбек ИСА
25 желтоқсан 2025 жыл

БАҒАЛАНБАЙ ҚАЛҒАН БАТЫРЛАР БАР



шығармалары Мұхамедқұл Исламқұловтың ерлігіне арналған. А.Бектің «Волокаламск тас жолы» атты атақты кітабы мен оншақты белгілі авторлардың кітаптарында батырдың аты аталады. Мұхамедқұл Исламқұловтың қан майдандағы қаһармандық ерлігіне даңқты генерал И.Панфиловтың, Мәлік Ғабдуллиннің, яғни Баукеңмен бірге үш бірдей атақты Кеңес Одағы Батырының жоғары бағалауынан артық қандай баға, қандай құжат, қандай куәлік керек?

Баукең 1963 жылғы хатында: «Мен М.Исламқұловтың ерлігі туралы ондаған қазақ және орыс тіліндегі еңбектерімде жариялап, оның әруағы алдында жеке моральдық парызымды орындадым.» деп жазыпты.

Баукең Мұхаметқұл Исламқұлов алдындағы парызын орындағанын осыдан 62 жыл бұрын жариялады.

Ал біз қашан орындаймыз?

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы да өтіп барады?!

Қазыбек ИСА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға	қала үшін	ауыл/аудан үшін
	5750,88 тенге	5974,32 тенге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым — 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым — 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым — 5 000 000 теңге.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мұтан ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада “Алты Алаш”
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-
расы сәйкес келе бермейтінін ескер-
теміз. Қолжазбалар өңделеді және
қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме
жасалуы қарат.
Газетте “Қазақпараттың”
материалдары пайдаланылды.
Газет “Қазақ үні” компьютер
орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3
ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Гүлмира САДЫҚ

ТОО “Қазақ үні”
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО “БанкЦентрКредит”
г. Алматы, БИК KCBKZKX, Кбе 17
Газет “Алматы-Болашақ” баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген